

84Қаз7  
3-95



25029

ЕСЛӘМ ЗИКІБАЕВ

АК САҒЫМ

ЕСЛӘМ ЗІКІБАЕВ

# АҚ САҒЫМ

*Өлеңдер*

АЛМАТЫ  
«ЖАЛЫН»  
1982

**Зікібаев Есләм.**

395 Ақ сағым: Өлеңдер:—Алматы: Жалын,  
1982. — 136 бет.

Есләм Зікібаев — бірнеше жыр жинақтарының ав-  
торы. Ақын бұл кітабына енген өлеңдерінде ата-баба-  
мыздың игі дәстүрі, оны жалғастырып жүрген заман-  
дастарымыздың жасампаз еңбегі, бүгінгі уақыт тынысы,  
кіршіксіз махаббат, достық хақында сыр толғайды.

0.25029

Қаз2

3  $\frac{70403-236}{408(05)82}$  — 165—82—4702230200

Жалын баспасы — 1982  
Совет-Ұзақстанстан мемлест-

Каз облесте-а

город Петропавловск

012

# Бірінші бөлім

## **МЕН ДИҚАНМЫН**

Мен диқанмын,  
Қаршадайдан жер өңдеп,  
Дән өсірген  
Арық қазып,  
Су тартқан сәресіден.  
Томпаң қағып, әкемнің соңына еріп  
Жүрген күндер қалған жоқ әлі есімнен.

Мен диқанмын,  
Жаралғанда-ақ диқан боп жаралыппын,  
Көзін аштым сан қайнар,  
Сан арықтың...  
Тұрғандай сол кәсібім жалғастырып  
Арасын жігіттік пен балалықтың.

Мен диқанмын,  
Ағайын, біл бүгін де —  
Өмір кешем диқан боп тірлігімде.  
Мендегі бар шабыттың қайнар көзі  
Жұмыр Жер мен Сезімнің бірлігінде!

## **БӘРІ ДЕ ЖАРАСЫМДЫ**

Жаз келгенмін,  
Бұл дала жасыл еді,  
Көңіл-өзсін күркіреп тасып еді.  
Шынар таудың шындары қолын бұлғап,  
Қызықтырған құздағы тасы мені.

Сұлулыққа сал сезім ғашық еді,  
Қызықтырған құздағы тасы мені.  
Айта алмадым,  
Айшықты сөз таппадым —  
Мөлдір көлдер жанардың жасы ма еді?

Жаз келгенмін,  
Бұл дала керім еді,  
Жаннат көрік жанымның серігі еді.  
Сағым ойнап,  
Самала саумал есіп,  
Көз алдымда кең дала керіледі.

Таулар қандай —  
Табиғат шынықтырған,  
Баулар қандай —  
Майысып, тұнып тұрған,  
Көлдер қандай,  
Кең жазық белдер қандай —  
Сұлулықтың сырларын шын ұқтырған.

Жасыл жайлау —  
Жанымның жаннатындай,  
Арман құс боп қанатын қағатындай.  
Сұлулық та,  
Кендік те,  
Нәзіктік те,  
Тереңдік те бастауын алатындай.

Теңеп содан көркіне бар асылды

Дейміз:

— Дарқан жазира дала сынды.

Өйткені оған:

Ерлік те,

Биіктік те,

Мөлдірлік те...

Бәрі де жарасымды!

## **ШАҒЫРАДЫ БІР БИІК**

Шақырады бір биік,

Шақырады армандай.

Сол биікте тұр киік,

Көркіменен жанды арбай,

Көздің жауын алғандай.

Сұлуын-ай,

Сұлуын!

Сөзіміңді арбайды,

Тұруын-ай,

Тұруын!

Ескерткіштен аумады,

Көкірегінді жаулайды.

Сұлулықтың сәніне

Бас игендей күллі шық.

Маңғаз қарап бәріне

Көз ұшында тұр мүсін.

Асқар таудың шыңына

Қараңдаршы,

Қараңдар!

Жаратқан-ау мұны да

Қызықсын деп Адамдар!

## **БЕРЕСІМ-ДАҒЫ ЕКІ ЕСЕ**

Түс көріп жүрмін,  
Түсіме ауыл кіреді,  
Қоңырқай тартқан құрбы-достардың реңі.  
Қуанышқа толып,  
Қауышып жатыр бәрі де  
Ендігі жерде ажырамастай бір елі.

Түс деймін рас,  
Бірақ та бәрі өңімдей  
Сал сезім сәл түр арнасынан асып төгілмей.  
Аласапыран,  
Тірліктің қамы бітпейтін  
Беймаза мына көңілдей.

Біреуі жатыр ауылдың сырын ақтарып.  
Жаңадан совхоз болғанын айтып, мақтанып.  
Ал енді бірі:

— Астанаға аттас болдық! — деп,  
Мерекелі жылдың берекесіне шат халық.

Ерекше ыстық құрылған совхоз жақында,  
Сүйсініп іштей қайталап тұрмын атын да.  
Ойлады ма екен бауырмал менің достарым  
Екі Алматы бірдей болсын деп ақынға.

Несі бар оның,  
Ниеттерін мен күп алдым,  
Бала күнгідей масаттана бір қуандым.  
Астана, ауыл —  
Екі Алматының арасын  
Құс жолы болып жалғастыруға құмармын.

Сыр ашпасам да,  
Сүйсініп тұрмын ішімнен  
Заңдылық бардай —  
Адамға шындап түсінген.  
Бересім-дағы екі есе мына өмірге  
Екі Алматының тұрғыны болғаным үшін мен.

## **ТОЛҒАНЫС**

*Досың да, дұшпаның да ер болсын...*

*Х а л ы қ д а н а л ы ғы*

Ойына — ақыл,  
Бойына — күш дарыған,  
Бабалардың кей сөзі ұшқары ма,  
Қандай ғана басына күн туғанда  
Ерлік тілеп жүр екен дұшпанына,  
Әлде бұл да тағдырдың қыспағы ма.

Кештеу қолға тисе де теңдік деген,  
Бұл қазаққа ақыл-ой кем бітпеген.  
Қалай ғана қиды екен дұшпанына  
Елдікпенен пара-пар ерлікті ерен.

Дара-дара ойларды жарыстырып,  
Өзім соның бәрінен қалыс тұрып,  
Көрдім талай қиялдың қиянында  
Ер дұшпан мен ез досты салыстырып.

Қателескен кезі жоқ,  
Халық — дана,  
Баға берген ғаріпқа,  
Алыпқа да...  
Көз алдыма келтіріп көп елесті  
Қайта-қайта үңілдім тарихқа да...

Кім көрмеген ежелден елі байды,  
Елі байдың кей-кейде жері қайғы.  
Сай-сүйегің әлі де сырқырайды,  
Тыңдағанда егіліп «Елім-айды».

Асып кетіп жауыздың бір амалы —  
Тұғырынан қанша арыс құламады?

**Хан Шыңғыстың жүрегін жібітпеді  
Сүңгі ұшында сәбидің жылағаны.**

**Бір сөзін де жай айтқан емес тегі —  
Баба-тарих басынан не кешпеді?  
Кешерде де,  
Не басын кесерде де  
Ер дұшпанға ез досы теңеспеді,  
Бар болғанша, қарасы неге өшпеді?**

**Ойна — ақыл,  
Бойына — күш дарыған,  
Бабалардың жүрегін қыс қарыған.  
Ел еңсесін көтертпей,  
Егілдіріп  
Шығармаған тақсірет қыспағынан.**

**Шығармаған тақсірет қыспағынан.  
Құтылмаған қанатты құс та бұдан.  
Сондықтан да ез досты қауіптірек  
Көрген болар ер көңіл дұшпанынан.**

\* \* \*

Қандай ұшқыр бүгінде қиял, арман...  
Тас түлектей шырқаған ұялардан.  
Бір биікке жетсең-ақ,  
Бір биігі  
Қол бұлғайды құздардан,  
Қиялардан...

Қол бұлғайды —  
Шыңына шақырады  
Асқар таудың қойнауы, атырабы.  
Адам түгіл тимеген аң тұяғы  
Қаншама жон-жоталар жатыр әлі.

Көз алдында құлпырып арман-сағым  
Біреуіне біреуі жалғар сәнін.  
Тылсым дүние — табиғат жиһазындай  
Еліктіріп алады барған сайын.

Мамыражай,  
Түп-тұнық таңы да ерен,  
Еліктіріп алады сәніменен.  
Тербетіліп тұрғандай аппақ айдын  
Бұлбұлдың тамылжыған әніменен.

Алаулаған арман да,  
Шың да биік —  
Құзарында қалықтап жүрді Ақиық.  
Тәтті әуенді жердегі біздер түгіл  
Құс төресі аспанда тындар ұйып.

## **ЖҮРЕГІМДЕ ЖАРА БАР**

Жүрегімде соғыс салған жара бар —  
Жазылмайтын ауыр дертпен пара-пар,  
Адам жаны төзімді екен,

Болмаса —

Құлар еді басқа тұрмақ, қара нар.

Көз алдымда бұлдыр тұман қалқыған,  
Жас жанымды соғыс өрті шарпыған.  
Балалығым жалаң аяқ, жалаң бас  
Қуып кеткен жан көкемнің артынан.

Екеуі де —

Көкем және Балалық

Көз алдымда жұлдыздардай сан ағып.  
Ұмытам ба деген кезде санамда  
Көрінеді қайта-қайта жаңарып.

Міне, міне!

Содан бері қырық жыл,  
Жау жолыма тор, тұзағын құрып жүр.  
Жан көкеммен бірге кеткен Балалық  
Қырық жыл бойы түсіме ұдай кіріп жүр.

Ұмытам ба деген кезде,

Қайтадан,

Теңіздерді шайқаған  
Дауылдардай соғады кел,

Соғады...

Төңірегін тып-типыл ғып жайпаған.

О, бауырлар!

Жүрегімде жара бар —  
Жазылмайтын ауыр дертпен пара-пар.  
Адам деген төзімді екен,

Болмаса —

Құлар еді басқа тұрмақ, қара нар,  
Құлар еді қара нар!

## **САҒЫНЫШ САЗЫ**

Бір анадан туып,  
Бір арнада тұнып,  
Өсіп едік біздер.  
Өмір — бәйге-жарыс  
Армандарға алыс  
Бастағанда тағы  
Жана ма деп бағы —  
Тайымызды бір-бір  
Шыға ма деп дүлдүл  
Қосып едік біздер.

Бұлаңдаған үміт —  
Түлкі арманды қуып,  
Кетіп едік біздер.  
Талаппенен шында  
Талай биік шыңға  
Сыр бермей көп сынға  
Жетіп едік біздер.

Бір-бірімізді аңсап,  
Сағынысып қалсақ,  
Шалғай жолдан шаршап,  
Сабылысып барсақ,  
Жетсек жүріп суыт,  
Болған бәрі ұмыт —  
Жарасады бізге.

Құс көңілмен ұшып,  
Қайтсам-ау деп құшып,  
Жеткенінде тағы,  
Сынбай көңіл сағы,  
Алда күннің таңы,  
Арманыңның бағы  
Мәуелесе әрі,

**Жарасады бәрі...  
Жарасады бізге!**

**Сағыныштың шегі,  
Сағыныштың шебі  
Болмайды екен тегі,  
Еліктіріп сені,  
Серік қылып мені  
Ойнайды екен тегі.  
Жастық дәурен мәңгі  
Әуелетіп әнді  
Жүреді деп бізбен  
Ойлай ма екен тегі.**

**Ерте менен кеште  
Алып сендерді еске,  
Төгіп жырдан кесте,  
Қысқа таңым атпай,  
Арқандаулы аттай,  
Құрып ойға тұзақ,  
Отырамын ұзақ —  
Тасқындаған селі  
Сағыныштың сеңі  
Салып жанға сызат  
Қоймайды екен тегі,  
Қоймайды екен тегі!**

## **БАҚЫТЫМ. БАРЫМ. БАЙЛЫҒЫМ**

**Уа, ұлы Жеңіс!**

**Қыста да күттік,**

**Көктемде күттік,**

**Жазда да...**

**Соғыс біздерге әкелген жоқ-ты аз нала.**

**Оранды оққа,**

**Оранды отқа,**

**Күл болды**

**Сәулетті үйлер,**

**Саялы бақтар,**

**Әз қала...**

**Күттік біз сені қараңғы түнде түк көрмей**

**Айдай бір сұлу аяулы жанын күткендей.**

**Өзіңсіз және уа, ұлы Жеңіс, ұқтық біз**

**Құтты мекенге қоярын тағы құт келмей.**

**Жүрсек те кейде көңілдер мұңды, шерменде**

**Сеніммен күттік,**

**Не жетсін, сірә, сенгенге.**

**Егіліп тұрып,**

**Езіліп тұрып жыладық,**

**Қуанып тұрып жыладық өзің келгенде.**

**Жаңғырып жерім,**

**Жайнады жаннат өңірім,**

**Нұрланды қайта құлазып қалған көңілім,**

**Десек те, Жеңіс!**

**Бір өзің үшін білесің**

**Қаншама боздақ қиғанын қыршын өмірін.**

**Білеміз біздер,**

**біледі тарих санағы,**

**Ойласаң болды-ақ,**

**Өртейді сезім-сананы.  
Гүлденген жерлер көміліп қалды күлменен..  
Мәңгі ұмытылмас уақыттың бұл бір сабағы..**

**Уа, ұлы Жеңіс!  
Бақытым!  
Барым!  
Байлығым!..  
Шалқыған шаттық өзіңнің келген ай-күнің.  
Қуанышымыздың бастауы сенсің,  
Білеміз,  
Түндігін түріп, ысырған бұлтын қайғының.**

**Уа, ұлы Жеңіс!  
Бақытым!  
Барым!  
Байлығым!..  
Танытқан Елдің,  
Танытқан Ердің айбынын.  
Өзіңмен келген көңілдердегі гүл көктем  
Солмасын мәңгі,  
Болмасын қайтып қайғы-мұң!**

## ЕЛ АҒАСЫ

Алпыс — асқар,  
Шуағы мол бір биік,  
Тұратұғын шұғыла шашып,  
Нұр құйып.  
Алпыс — ойдың кемел шағы,  
Дер шағы,  
Теңіздердей тұңғық.

Ой-зердеңіз өрге бастап талайды,  
Тұрсыз, міне, сол биікте арайлы.  
Октябрьмен тете туған ұлына  
Ел-жұртыңыз мақтанышпен қарайды.

Баласы,  
Әрі Ағасысыз бір елдің  
Махаббаты —  
Сізге сыйлар гүлі елдің.  
Атаға емес,  
Бала болу Адамға —  
Арманы ғой шын ердің.

Нұрлы ғасыр,  
Мына нұрлы заманда,  
Асар талай асумңыз бар алда.  
Бала болып,  
Аға болып жұртыңа  
Биіктерден көрініңіз әманда.

Тілек көп қой —  
Түгесе алар бәрін кім,  
Елі сүйген,  
Елін сүйген нар ұлдың  
Алпыс — асқар,  
Мерекелі тойыңда  
Кеудесіне жыр-жұлдыз боп тағылдым.

## **АНАМА ХАТ**

*(Студенттік дәптерден)*

Өзіңнің ұзын бойлы, келте мұрын  
Қалада оқып жатыр тентек ұлың.  
Жиырманың шықса-дағы төртеуіне  
Қоя алмай жүр баяғы еркелігін.

Қозынды алыс жолға аттандырып,  
Жай-күйін отырасың хаттан біліп.  
Ұғамын сағындырып жеткен бір сөз  
Сергітіп тастайтынын шаттандырып.

Асыға күтесің кіл хатты алғанша,  
Жан сырын тентегіңнің ақтарғанша.  
Әр күнін тосқан күннің жылға балап,  
Мазасыз жол қараған шақтар қанша?!

Құлыным бүгін-ертең келер деп те,  
Жүрсің ғой рахатын көрем деп те.  
— Осы жол келініңмен барам, — десем  
Қалар-ау сәл-ақ жетпей төбең көкке.

Тірлікте міндетім көп атқарар сан,  
Сен үшін қилы, қиын шатқал асам.  
Өмірге артар өкпем жоқ,  
Ризамын —  
Өзіңнің ақ сүтіңді ақтай алсам!



Бал балалық болды-дағы келтерек,  
Есейдік деп айтқанменен ертерек,  
Өзімді өзім жастау кейде сезінем  
Алдымда сен жүргеннен соң, еркелеп.

## **БОЗТОРҒАЙ**

Шаңқай түсте төбеге шығып алып,  
Көз ұшында көлбедеп діріл қағып,  
Шырқағанда әуеде мың ырғалып,  
Боздаланың жыршысы — бозторғайдың  
Жүрегінді шерткендей мұңы барып.

Байлығымдай,  
Ортаймас қазынамдай,  
Бірақ соны тіршілік аз ұғардай,  
Жоғалтамыз жүрекке жазып алмай.  
Болмаса...  
Құйттақандай құс үнінде  
Туган жердің таусылмас сазы бардай —  
Сол сазында бізге айтар назы бардай.

Махаббат та,  
Достық та,  
Адалдық та...  
Бәрі-бәрі бас қосып,  
Арамдыққа,  
Топастық пен тоғышар надандыққа  
Майдан ашып жатқандай көрінеді  
Дем беріп Адамдыққа!

Сүттей таза табиғат ұйып тұрған,  
Ұйып тұрған,  
Ғаламат күй ұқтырған —  
Құдайым-ау, құп-құйттай жыршы құстың  
Жүрегіне қандай күш сыйып тұрған?!

## **АСЫҚТЫМ**

Таңдарға асықтым —  
Жаңалық әкелер деп.  
Заңғарға асықтым —  
Даналық әперер деп.

Көктемге асықтым —  
Гүлдерін сағынғаннан.  
Өткелге асықтым —  
Алыстан сағымданған.

Ертеңге асықтым —  
Қияда қол бұлғаған.  
Еркеме асықтым —  
Ұяма толтырған ән!

## **ҚАРЫЗ**

Жығылған да кезім бар,  
Сүрінген де..  
Білдіргем жоқ сонда да сырымды елге.  
Адал жандар нұр құйды көңіліме  
Арамдардан безініп,  
Түңілгенде.  
Жақсы ағалар жанына ап сол күндері —  
Солған жоқсың,  
Сен қайта толдың деді.  
Сенімменен қараған отты көздер  
Кеудемдегі жалынды сөндірмеді.  
Жайнап сол сәт сезімнің гүлі демде,  
Шешек атты.  
Түсіндім мұны мен де.  
Ағалардан алған сол қарызымды  
Қайтарсам деп келемін інілерге,  
Інілерге!

## **НАР ТӘУЕКЕЛ**

**Нар тәуекел —  
Танымас күш атасын,  
Мерген болсаң,  
Садақпен күс атасың.  
Нар тәуекел деп алсаң қара тасты  
Қайратыңмен күл қылып ұсатасың.**

**Нар тәуекел —  
Сенімнің шырағы көп,  
Қуатың да бойыңда тұрады үдеп.  
Небір қиын кездерде жеткен бұл сөз  
Елді ерлікке бастайтын ұраны боп.**

**Нар тәуекел —  
Өз-өзін қайрауы ердің,  
Нар тәуекел —  
Жалын боп жайнауы ердің.  
Нар тәуекел —  
Қашан да биік ұстап,  
Жеңістерге бастайтын байрағы Елдің.**



Қаршадайдан өзінді нағашы деп,  
Қиын кезде қасыңа жанасып ек.  
Есімде, қамқор болып жүрдің әр кез —  
Жездемнің жел тигізбес баласы деп.

Шын көңіл — ықыластың тиегі боп,  
Біріміз бірімізге сүйеніп ек.  
Өзінді сыйлаған жұрт еркелетті  
Бұл бала — Әубәкірдің жиені деп.

Жүйрік көп —  
Бірі — тұлпар,  
Бірі — тарлан...  
Жүректі өзіндей кім жібіте алған,  
Өзің болып есердей үміт алдан.  
Көп жайды ұмытуым мүмкін,  
Бірақ...  
Мен Сізді тірі тұрып ұмыта алман!

## **ҚУАНАМ**

**Толқыған бейне көк теңіз —  
Айдын ба деп те қаласың.  
Бұдыры тіптен жоқ, тегіс  
Өлкемнің көрші даласын.**

**Алтын дән желмен ырғалып  
Баяулап әнге салады.  
Толқиды жәймен бір қалып  
Иіліп жерге сабағы.**

**Қуанам шексіз осы бір  
Егісті көріп жайқалған  
Мұнда ғой менің досым жүр  
Еңбектің ері — майталман.**

**Біргемін мен де досыммен  
Қараймын әр кез қуанып  
Өйткені ол егін өсірген,  
Маңдай терімен суарып.**

**Қуанам менің осындай  
Досым көп-ақ қой өмірде  
Бөгетке ешбір тосылмай  
Жүреді беткей-өңірде.**

**Әкеліп бір күй көңілге  
Даланы нұрға толтырып.  
Жүреді солар өңірге  
Қолымен егіп молшылық.**

## ЖЕҢІС

Жеңіс күні туыпсын,  
Жеңіс күні,  
Төрт құбыламыз түгелдей тегіс күні.  
Сол үшін де, қара көз қарындасым,  
Сезімдердің ең мөлдір, ең ыстығы  
Арналғандай өзіңе тегіс бүгін.

Жеңіс қалқам —  
Сенің де Жеңіс күнің,  
Ақ сәулесіп көргенің Жер үстінің.  
Іңгәлаған дауысың самал желмен  
Кеткен шарлап дүние кеңістігін.

Кемел көңіл,  
Шықсын деп келісті ойдан,  
Ауыл болып атыңды Жеңіс қойған.  
Атаң-анаң, ел-жұртың бата берген:  
«Енді қайтып көрмесін Жер үсті ойран!»

Бір ауыздан —  
— Уа, амин, Жеңіс!— деген,  
Жан болмаған бұл сөзге келіспеген.  
Сенің мөлдір көзіңнен, айналайын,  
Қуанышты сол күнгі тегіс көрем.

Ел көңілінде жақсы сөз —  
Жарты Бақыт,  
Бүгін, міне, гүл-дәурен,  
Алтын уақыт.  
Ортамызда жүре бер Жеңіс болып,  
Ай-әлемді жүзіңмен жарқыратып.

Көктемнің шуағындай алау-көрік,  
Мұнда да бір күдірет бар-ау!— дедік.

**Жеңіс үшін тост алған Адамдардың  
Көнілінде тұрады атың Жалау болып.**

**Бірге туған астасып ақ таңменен  
Сенен өмір бақытын тапқан дер ем.  
Жеңіс күні Жеңіс боп бірге келген  
Атыңды, айналайын, мақтан көрем!**

## **МӘҢГІЛІК АЛАУ БАСЫНДА**

**Бас иіп,  
Тағзым етіп ерге ерен,  
Бұл жерге сен келесің,  
Мен де келем.  
Маздаған мәңгі алауды көрген сайын  
Жанымды әлдилейді тербеп өлен.**

**Басында қашан келсең гүл тұрады,  
Алаудың нұрыменен құлпырады.  
Жалынның саусақтары —  
Самсап бәрі  
Сол гүлді ұстасам деп ұмтылады.**

**Көп көзден қыз-реңі қысылғандай,  
Қызыл гүл құбылтады түсін қандай.  
Ол-дағы ерлеріне елін сүйген  
Нәп-нәзік саусақтарын ұсынғандай.**

## **ДУБОСЕКОВО ТҮБІНДЕГІ ОЙ**

Сезімдерін сездірмей,  
Тұмшалаған  
Келіп-кетер күн сайын мың сан адам.  
Мың сан адам күн сайын тағзым ғып,  
Қойып кетер гүл шоғын,  
Кім санаған.

Зіл-зала күн туғанда ел басына,  
Тұрды қарт та,  
Бала да ер қасына.  
Қанатымен су сепкен қарлығаштай  
Арулар да бұл жерге келді асыға.

Жанталасып жендеттер емінуде,  
Қанды көздер шел басып, семіруде.  
Алғы шепте бір-ақ сөз,  
Анттай берік —  
«Артта — Мәскеу.  
Болмайды шегінуге!»

Шегінуге болмайды —  
Ердің анты:  
Шегінуге болмайды —  
Елдің анты:  
Әділдіктің Байрағын биік ұстап,  
Осы сөзбен Советтің жеңді халқы.

Қорғап қалған Бостандық нарқыменен  
Бұл жердегі ерліктің даңқы да ерен.  
Өзі өлсе де,  
Өмірге дақ түсірмес  
Бабалардың байырғы салтыменен.

Сезімдерін сездірмей —  
Тұмшалаған,

Өтіп жатыр үн-түнсіз мың сан адам.  
Елдік пенен ерліктің ескерткіші  
Сабак болып қайсыбір кесірлерге,  
Сес көрсетіп сұсыңмен есіргенге  
Жетіп жатыр осылай тұрсаң эман.

## **ЕЛУДЕГІ АҒАНЫҢ МОНОЛОГЫ**

Күндер, айлар, жылдар-ай, зымыраған  
Кейде ұға бермейді-ау сырын адам.  
Ұмытамыз кешегі сұрапылды  
Мәз болып, жүргеннен соң бүгін аман.

Уақыт жүйрік —  
Тосқауыл, төтелермен  
Алды-артына қарамай өте берген.  
Соның бәрі бейуақта ойға оралып,  
Зіл салмағын сезімнің көтерем мен.

Елестетіп өткеннің тұрсам бәрін,  
Уақыт маған артады зіл салмағын.  
Талай қыран кетіпті арманменен  
Көрсете алмай биікте бір самғауын.

Азаматтар —  
Армандас, сырластарым...  
Оқи да алмай өмірдің бір дастанын,  
Талай боздақ өтіпті —  
Соның бәрі  
Елудегі өзімнің құрдастарым.

Ер еді —  
Бір-бір үйдің арысы еді,  
Жат ойдан, жамандықтан қалыс еді.

Ауылдың базары еді,  
Ажары еді —  
Бәрі әнші,  
Бәрі шешен,  
Бәрі сері!..

Жалғанда жақсылыққа тойған ба адам,  
Бірі үйленсе, барлығы той қамдаған.  
Шаңырақтан шалқыған шаттық есіп,  
Жауым бар деп ешбірі ойланбаған.

Сол сәнімен өмірден өтер ме еді,  
Уақыт бірақ осыны көтермеді.  
Жымысқы жау ұрланып келді бір күн  
Балаусаны күл қылып өртеңдегі.

Қарсы аттанды жігіттер содан бәрі  
Сәні кетті ауылдың, жоғалды әрі.  
Жауды жеңдік,  
Бірақ та көп құрдасым  
Туған елге жарқылдап оралмады.

Күндер, айлар, жылдар-ай, зымыраған  
Елу жас та келіпті бүгін маған.  
Енді менің тілерім —  
Жұлдырмасын  
Жау оғына жауқазын гүлін далам.

Болса-дағы арайлы, нұрлы аспаным  
Сезем кейде көңілімді мұң басқанын.  
Қиын екен келгенде жер ортаға  
Жоқ болғаны қасында құрдастарың!

## **ТУЫСҚАН АҒА-ІНІДЕЙ**

Кезде де тағдыр желі қатал ескен,  
Егіз ел —  
Егіз ұлдай қатар өскен.  
Қуанса, жан-тәнімен бір қуанып,  
Бірге шошып,  
Сақтанған жат елестен.

Ежелден жауы да ортақ,  
Дауы да ортақ,  
Өзені,  
Өрісі де,  
Тауы да ортақ,  
Ел туып бір көтерген егескенде,  
Тілді де,  
Тілекті де тауып ортақ.

Туысқан аға-інідей кіндігі бір,  
Енші алысып көрмеген —  
Түндігі бір.  
Екеуін мәңгілікке табыстырған  
Қуаныш, қайғысы ортақ күллі ғұмыр.

Болмаған ежелден-ақ ара қашық  
Жан мен жан,  
Мал мен малы араласып,  
Арманы мен арманын астастырып,  
Қаймықпай сан асудан барады асып.

Қашаннан-ақ бұл қазақ қырғызбенен  
Арасына кірбің сөз кіргізбеген.  
Біреуі — аға,  
Біреуі — іні тұтып,  
Бір-бірінен өнеге, үлгі іздеген.

Жүрмейік деп сыйласып кіл алыстан,  
Құда болған —  
Қыз беріп, қыз алысқан.  
Аз күн түссе араға сағынысып,  
Бірін-бірі көргенше құрақ ұшқан.

Қияндарға қақтырып ар қанатын,  
Екі елдің ынтымағын,  
Салтанатын,  
Екі елдің батырлығын,  
Батылдығын...  
Жырына арқау еткен арқалы ақын.

Ұласқан екі өзендей ұлы арнада —  
Достықты ұғар дана,  
Ұғар бала...  
Лениндік кемел ойдың келбетіне  
Сан ұрпақ қарар әлі құмарлана.

## **ҰЛЫҢ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ**

Құлпыртар жердің жаннатын  
Диқаның болғым келеді.  
Дертінді емдеп жазатын  
Шипалың болғым келеді.

Түгін тартып даланың  
Майын алғым келеді.  
Кең құшағын ананың  
Жайып әр күн келеді.

Ақ дәнінді алтындай  
Уыстағым келеді.  
Топтан озып,  
Тартынбай  
Ту ұстағым келеді.

Айдыны кең дария —  
Сырдай болғым келеді.  
Таусылмайтын, дарига-ай,  
Жырдай болғым келеді.

Тыңның тұнған байлығын  
Ақтарып өткім келеді.  
Міндетін ұлы ай, күннің  
Атқарып өткім келеді.

Мынау қырқа — белімнің  
Гүлі болғым келеді.  
Ең бастысы,  
Елімнің  
Ұлы болғым келеді!

## **МӘҢГІЛІК**

Алмасып түнге — күн,  
Жалғасып күнге — түн,  
Тірліктің парақтап бір бетін,  
Уақыт барады алға асып  
Мүлтіксіз атқарып міндетін.

Айырып біржола есебін —  
Тарихқа айналды кешегім.  
Алдымда неше күн —  
Ертеңім — арманым асыққан,  
Сол жолда ой-дария айдынын кешемін!

Бәрі де заңдылық —  
Көкжиек түріліп  
Шығыстан келеді таң күліп!  
Дүниені думанды ән қылып,  
Тіршілік ғажайып сән құрып,  
Міне, осы мен білген құдірет,  
Міне, осы мен білген —

**МӘҢГІЛІК!**

## **ТУҒАН ЕЛГЕ МАДАҚ ЖЫР**

О, Туған Ел!  
Сен жайлы қаншама ақын  
Жыр жазды тамылжытып —  
Тамсанатын!  
Жұмыр жер жүрегінің соғуындай  
Қайталанбас әр сәтің,  
Әр сағатың...  
Әрі қымбат!  
Әрі ыстық баршаға тым!

О, Туған Ел!  
Қарт Анам!  
Ұлы Бабам!  
Ақ тұмадай мөп-мөлдір,  
Тұнық әман.  
Жазираңда жаным — жаз,  
Жағам — жайлау,  
Күндерім де көңілді зымыраған,  
Гүлдерім де өмірлі —  
Жырым аман!

О, Туған Ел!  
Мерейлі мінбелерден  
Сөйлейсің шабыттанып, гүлдеп ермен.  
Ойыңды өзгеше әсем өрнектейді  
Толағай табыстарың күнде келген,  
Жауларың да мойындар,  
Күндегенмен.

Даланы күйге бөлеп сәресіден —  
Сөйлейсің диқан болып дән өсірген,  
Қойнауымда қаптатып мал өсірген,  
Самалынан самала ән есілген,  
Өзің жайлы толғансам —

**Қиян қиыр**

Сан құбылып қалмайды бәрі есімнен.

Төскейімде байлық пен ырыс тұнған,

Аппақ арай —

Ажарлы күміс түлған.

Әр таңменен жанымды жадыратып

Алтын нұрға малынған Шығыс-шұғылам,

Шаршағанда, саябақ — тыныс бұл маң!

Өзен тоқтап қалғандай, ағыс тынып...

Бәрінен де бір сәтке қалыс тұрып,

Өткеніңе ойменен қайта оралып

Көр, Туған Ел, бәр-бәрін салыстырып,

Қиялың мен ойыңды жарыстырып!

Өзендерін, көлдерін жағалап әр

Қалаға бар,

Тасқынды далаға бар,

Армансыз ойы-қырын аралап ал,

Әр тасы,

Әр бұтасы тебіреніп,

Сыр сандығын ашады саған олар.

Кешегі жас — бүгінгі қартына бар,

Ұмытқан жоқ ерліктің салтын олар.

Өмірлері «Мың бір түн» хикаясы —

Табиғаттай талантты сан тұмалар,

Құшағына еріксіз тартып алар.

Ауыр азап — қауіп-дерт меңдеп алған,

Көп жақсыдан кеш қалған,

Кенде қалған.

Жанартаудай жер төсін жарып шыққан

Ердегі арман —

Ежелгі сендегі арман!

Тарих-Ана батпандай теңдеп алған. .

Шұғыласына қарайтын жанар талмай,  
Жарып шыққан жер төсін жанартаудай.  
Нұрлы күнге әкелді Ленин өзі  
Арманменен ағарған арай таңдай!

О, Туған Ел!  
Білесің бәрін-бәрін...  
Октябрьде алау боп жалындадың!  
Қазақ деген атыңды қайтып алдың —  
Таптың ән мен күйдің де жаңа ырғағын,  
Ұлы көште жолыңнан жаңылмадың.

Сәкен болып сөйледің,  
Әліби боп...  
Өр даусыңды жер-жаһан таныды көп!  
Жарқын жолда Ерлерге арқа сүйеп,  
Азат болдың ездерден жаны күйрек.

Арманыңа арайлы таң ұласқан,  
Езілгеннің ежелгі бағын ашқан.  
Басқан ізің —  
Әрі күй, әрі дастан,  
Нүркендердің көңілімен қарайтындай  
Менің жомарт жеріме лағыл аспан,  
Көзін алмай бүгінгі кәрі-жастан.

Октябрьден нұрланған мына ғасыр  
Тың көтерді жерімде ұлан-асыр:  
Өнерде де,  
Ғажайып өмірде де...  
Жетіп жатыр шертерлік ғұлама сыр.  
Белес-белес жылдардың қойнауынан  
Бір-бірін қайталамас шығады асыл.

Ұшпақтарға ұшырар атын Ердің —  
Ақын елмін,

Және де Батыр елмін!  
Ісімен де,  
Құдірет күшімен де  
Талай елге бір өзім татыр Елмін!

Ерім қандай —  
Мерейлі, Еңселі еді?!  
Бұлтағы жоқ сөзіне Ел сенеді.  
Еңбегінің өтеуі бүгіндерде  
Миллиардпен жыл сайын өлшенеді.

Құлдықпен күйбең тірлік — күн кешірген  
Кездерді шығарғам жоқ бір де есімнен.  
Бұл күнде Отан даңқы,  
Ел мерейі  
Бағымды, Мәртемді күнде өсірген!

О, Туған Ел!  
Жүйріктей шын көсілген  
Қатар самғап келесің Күн көшімен.  
Сөйлейсің Политбюро мүшесі боп  
Съездің салтанатты мінбесінен!

О, Туған Ел!  
Сөйле сен бәріміз боп,  
Озданымыз,  
Кіршіксіз Арымыз боп!  
Кремльге мәлімде:  
— Ұлы Отанды  
Табысымен қуантар тағы БІЗ! — деп

О, Туған Ел!  
Сен жайлы қаншама ақын  
Жыр жазады талайлар тамсанатын.  
Өйткені сенің әр сәт, әр сағатың...  
Жұмыр жер жүрегінің соғуындай  
Әрі қымбат,  
Әрі ыстық баршаға тым!

## **ДАРЫН ДАЛАМ**

Мына дала көлбеген кеңістігі,  
Көзді арбаған өр менен еңістігі,  
Дән-дария тербелген егістігі,  
Ән-Ғалия дем берген келісті үні!...  
Қуанышын әйгілеп жер үстінің  
Сәбең тойын жатқандай бірге тойлап  
Үлкен-кіші тік тұрып тегіс бүгін.

Ескен желдей зымырап ағады күн —  
Қайта айналып өткенін табады кім?  
Осы жерде Сәбеңнің балалығын,  
Ағалығын,  
Ғұлама даналығын  
Айдынында айнадай дірілдеткен  
Мөлдірейді көлдердің жанары мың,  
Шежіре боп сөйлейді дала бүгін.

Ана-Дала көсілген байтақ, алып —  
Шалқарында шабытын шайқап алып,  
Мақтанышын сыр қылып айтары анық:  
Киелі жер болған соң ұлылық та  
Келеді деп егіздей қайталанып.

Қараша үйде —  
Жел соқса әрең тұрған  
Сәбең туған,  
Сол тұста Ғабең туған.  
Қазақтың өнерінің бақытына  
Қос кеудеде тоғысып әлем тұнған.

Қос жүйріктің үзеңгі қағысындай,  
Қос өзеннің астасқан ағысындай,  
Қос түндіктің түлеген арысындай,  
Ұшырыпты табиғат бір тұғырдан

Екеуін де —  
Өссін деп сағы сынбай.

Қос қыран талпынғанда шыңға қарап,  
Әр сөзін құлақ түре тындар алап.  
Туған жер!  
Айналайын, тұғырыңнан  
Қос түлегінді өсірген мыңға балап.

Айдынды,  
Айбынды жер —  
Киелім-ау!  
Бүлдіргенді,  
Жидекті,  
Шиелі бау,  
Шаңқан күнің үшін де сүйемін-ау,  
Дарқандығың үшін де сүйемін-ау.  
Өнерге екі бірдей ұлын берген  
Алдыңа кеп басымды иемін-ау.

Байтақ дала —  
Бақ қонған,  
Ырыс қонған...  
Сая болған,  
Талайға тыныс болған.  
Сән-салтанат өрбіген құрыш қолдан  
Жер-ананың көл-көсір пейіліндей  
Басқа емес,  
Мінеки осы арада  
Екі арыстың туғаны дұрыс болған.

Бұл жер —  
Миллион жүректі жаулаған жер!  
Бұл жер —  
Дүлдүл жүйріктер аунаған жер!  
Сөз-күдірет алаудай лаулаған жер!

**Төбесінен Бақ-жұлдызы аумаған жер!  
Ел мерейін биікке көтерсін деп,  
Сан сұңқарын бапкердей баулыған жер!**

**О, Туған жер!  
Ұлының ұлы тойы,  
Алғы күнмен астасқан үміт-ойы.  
Берекесі,  
Бірлігі жарылмаған  
Құтты жерден той-думан арылмаған  
Дүбірлетіп қарсы алар перзенттерін  
Сен аман бол алдымен, Дарын-Далам,  
Дарын-Далам,  
Бақытым, барым Далам!**

**Жырласам да жиірек бауды, гүлді —  
Арқалауға әзірмін тау жүгінді.  
Алматыда жүріп-ақ,  
О, Туған жер!  
Тілеймін сенің аман-саулығыңды,  
Тілеймін сенің аман-саулығыңды!**

## **АТА САЛТ**

Қажытып әбден жол жырақ —  
Бейтаныс үйге тоқтайсың келіп қалжырап.  
Түн қатып жүрген мынау өңірде бір жан жоқ,  
Төңірек түгел ұйқыға кеткен маужырап.

Туралай келіп тірейсің-дағы ат басын  
Мазасын алып қағасың тағы қақпасын.  
Басты қатырып ойланып тегі жатпайсың  
Қылығың жұртқа жағарын яки жақпасын.

Тұрасың сосын:  
«Құдайы қонақ едік!» — деп,  
Батырдай қайтқан осы үйдің жауын жеңіп кеп.  
Жұбайың-дағы қосады бір сөз төтеннен  
Ырқыңа сенің еліктеп.

Келгенше қонақ,  
Келген соң енді ол қысылып,  
Бәйек боп жатыр қазанды оттан түсіріп,  
Дастарқан жайып, бар дәмін саған ұсынып...  
Атаның жолы —  
Далаға, сірә, қонбайсың  
Осы бір үйдің тұрсаң да жайын түсініп.

Аттанар сәтте тағы да сені қимайды,  
Ойлайды тұрып қошамет жайлы, сый жайлы.  
«Бір көрген — біліс» —  
Бабадан қалған мирас бұл,  
— Құдайы қонақ, бұйымтай айт! — деп қинайды  
Айылын тіптеп жимайды!

Бабалар баста қалдырған жол ғып артына,  
Дарқандық солай дарыпты мына халқыма.  
Тілеймін мен де ұрпағым берік болса деп  
Атаның осы салтына.

## **АҒА**

Ұға бермес тіршіліктің мұратын,  
Еркетотай бала болдым, сірә, тым!  
Мен жыласам, аз-ақ үлкен әпкем де  
Меніменен бірге жылап тұратын.

Ұға бермес тіршіліктің мұратын,  
Еркетотай бала болдым, сірә, тым!  
«Ағасы бар тентектерден кем бе?» — деп,  
Сырғанаққа ілестіріп шығатын.

Әпкем менің бар баланы билейтін,  
Маған тіптен содырлар да тимейтін.  
Ойға қарай өзім сырғып,  
шанамды  
Өрге қайта басқалары сүйрейтін.

Бір ауылда мен қатарлы бала көп,  
Бәрімізге жүреді әпкем пана боп.  
Ағасы бар басқаларға еліктеп,  
Өстім мен де өз әпкемді «Аға»! — деп.

Күллі ауылда мен қатарлы бала көп —  
Кеудемізде маздап жанған алау-от,  
Әпкем айтса, қай іске де барар ек,  
Алынбайтын қамалды да алар ек,  
Бір ғажабы —  
Алаламай біздерді  
Жүре берді бәрімізге аға боп.

Әлі күнге әпкем — аға, мен — іні,  
Қалай десе әркімнің өз ерігі.  
Бізді қойып «Аға»! — дейді енді оны  
Талай үйдің кейін түскен келіні.

## **ШЫҢ**

Бір шың бар-ды Алатауда армандай  
Асқақ еді қараған көз талғандай.  
Сұлу еді, сұлу еді ерекше  
Көрген адам есінен бір танғандай.

Такаппарсып тұрған қалпы өр шыңда,  
Бір шықсам деп ойлаушы едім сол шыңға.  
Жанды арбаған жаннат көркі көлбеңдеп  
Кенелтіп-ақ тастайтындай мол сырға.

Ұзақ жүрдім,  
Батылым тек жетпеді,  
Жігерімді жүрегім кіл шектеді.  
Бірақ сонау шыңға деген құмарлық  
Жатсам-тұрсам ойымнан бір кетпеді.

Тәуекелге будым-дағы белімді  
Тарттым шыңға серік етіп сенімді.  
Жүріп келем тастығ қашап, мұз кесіп  
Маңдайымнан тамшылатып терімді.

**Шықтым ақыр.**

Шың басында тұрмын мен,  
Төбесінде Ай қонақтап, Күн күлген...  
Биіктіктің рахатын,  
Және де...

Басты айналтар қорқынышын кім білген?!

Тіршілік жоқ сенен өзге бұл маңда,  
Биіктік көп мынау асқақ шыңнан да.  
Ұқтым алғаш еркін басып аяқты  
Жетпейді екен Жұмыр Жерде тұрғанға.

\* \* \*

Біздің елде жігіт болды бір қызық,  
Сәби кезде қатар-қатар тұрғызып,  
Білмейтін көп жайымызды білгізіп,  
Қыл арқанның үстіменен жүргізіп,  
Жарыстырып қашықтыққа сонан соң...  
Қарап қойып қолындағы сағатын  
Бәйге атындай терімізді алатын  
Қайнап күйіп тұрғанда да күн қызып.  
Тыңдағандай тәңірін —  
Екі айтқызбай орындайтын әмірін  
Балалар да тым бұзық.

Айтатыны:

— Ер жігітке бұ да сын,  
Білгің келсе расын —  
Жүйрік болған батырлардың бәрі де,  
Шыныға түс!  
Шыныға түс әлі де!  
Түбі сонау Қажымұқан секілді  
Шайқастарда не түрлі  
Жеңістердің туғырында тұрасың,  
Асқақтатып ата данқы — мұрасын!

Бала деген қашанда да бала ғой,  
Қиял жүйрік —  
Талай жерге барады ой.  
Қиналғанмен бірі қабақ шытпады,  
Аға сөзін бәрі де іштей құптады.  
Бірақ бұдан ештеңе де ұтпады,  
Болмаса тек өзді-өздерін жыққаны.  
Бір ауылдың баласынан, құдай-ау,  
Бір балуан шықпады!

Асып қалдық талай-талай белестен,  
Жүйрік те жоқ айдарынан жел ескен.

Тамшылатып ащы терді сығыппыз  
Қанша бала тел өскен  
Бір ғажайып болсақ деген елеспен.

Әлі де бар, шал болыпты қуақы,  
Баяғыдай қажыр-қайрат, қуаты...  
Жүріп жатыр ол елде,  
Сәлем берем барған сайын көрем де.  
Ал балалар жігіт бопты зінгіттей  
Жүгіретін тізіп қойып көгенге.

Бірі — бастық,  
Енді бірі — жылқышы...  
Өзгеріпті талайының түр-түсі.  
Өткен күннің елесіндей көбінің  
Өзгермепті көздері мен күлкісі,  
Содан таныр тани алса бір кісі.

Қазір жігіт,  
Бір кездегі баламыз,  
Ортамызда сайыпқыран ағамыз,  
Сол күндердің көп қызығын қайталап,  
Есімізге аламыз —  
Балалыққа қайта барып қаламыз.  
Шал дегенмен...  
Шалымыз да мықты әлі —  
Көңілінің туын ешкім жықпады,  
Бар да шығар ұтылғаны, ұтқаны,  
Бар айыбы — баяғы көп қарадан  
Аға еңбегін жандырып,  
Дүниені айран-асыр қалдырып...  
Бір балуан шықпады,  
Бір желаяқ шықпады —  
Ол-дағы бір сирек келер дарындай  
Көп бермейтін бұл табиғат — Қарымбай  
Бақ екенін кезінде ешкім ұқпады.

## **ЕСІЛ ТАСЫП КЕЛЕДІ**

— Есіл тасып келеді, Есіл тасып,  
Қауіпті ме, қорқасың несін сасып?  
Неге, бала, соншама үрейлендің  
Боп-боз болып кеттің ғой есің қашып?  
Жылда-жылда тұрмай ма Есіл тасып?

Ақтарылған Есілдей арнасынан  
Асып-тасып жатады жалғасып ән.  
Көктем сайын мен-дағы көтеріліп  
Кемерімді бұзам да алға асығам.

Сондықтан да Есілдің тасығанын  
Қызық көрем,

Ол — менің ғашық әнім.

Тасу деген мерейі тіршіліктің,  
Оған бола, бауырым, жасымағын.

Тасу керек,  
Бір мезгіл тасу керек,  
Байлығыңды базарлап шашу керек.  
Өмір өзі сабаңа түсіреді  
Өрлігіңді болғанда басу керек.

Есіл тасып келеді —  
Есіл тасып!..

\* \* \*

Бір тау биік,  
Бір тау тіптен аласа,  
Бір шың жатыр бұлттарменен таласа.  
Әрқайсының өркеш-өркеш шоқтығы  
Өзінше бір сұлу сурет — Тамаша!

Бір көл таяз,  
Бір көл терең тұңғық —  
Мөлдірлігі таңғы шықтай тұрды ұйып.  
Табиғаттың қайшылығы осы бір  
Көңілдерге кетеді ерек сыр құйып.

Бір өзен бар —  
Асау аттай шабады,  
Күндіз-түні бұрқ-сарқ етіп ағады.  
Бір өзен бар сабасында сабырмен  
Аймалайды ақ кемерлі жағаны.

Бірде төмен,  
Жүрер бірде жоғары —  
Адамда да қайшылықтар мол әлі.  
Олардың да таязы мен тереңі,  
Биігі мен аласасы болады.

## ТУҒАН ЖЕРДІҢ ШОҚ ГҮЛІ

Қолымдағы туған жердің шоқ гүлі —  
Бірі — жалын алаулаған, шоқ — бірі,  
Мерейі өсіп көп алдында адамның  
Қалады екен көтеріліп шоқтығы.

— Гүлдеріңнің қандай қанық бояуы,  
Түрлеріңді танытқандай ол әрі.  
Дәл осындай гүл өсірген қыздарды  
Жан ұққандай болады! — деп қояды.

Риза боп досымның бұл сөзіне  
Шыны ма деп қарап едім көзіне.  
Жалғаны жоқ жан нұрымен қарайды  
Жанындағы жолдасы да, өзі де.

Гүл ғой рас туған жердің ажары,  
Нұрдың мөлдір тамшысындай таза әрі.  
Жымияды елік сынды ерке қыз  
Бұл сыйымыз дегендей-ақ аз әлі.

Мен достарға,  
Достар маған қарайды  
Бір ыстық леп өн бойыма тарайды.  
Беу, қарындас!  
Шоқ гүліңмен жүрекке  
Шоқ түсіріп алмасаң тек жарайды.

## **АҚ САҒЫМ**

Ақ сағым — арманымның елесіндей,  
Ақ сағым — ала алмаған белесімдей.  
Ақ сағым — Ақ теңіздің айдынына  
Шығарған ақ сезімнің кемесіндей.

Ақ сағым — тербетілген нұр шұғыла,  
Биіктің бастайтұғын кіл шыңына.  
Ақ сағым — тамшы судың мөлдірі де,  
Таптырмас тыныштықтың тылсымы да...

Ақ сағым — жел тербеген ару далам,  
Ақ сағым — жан жүрегім жалындаған.  
Барым-жоғым — табылған, табылмаған,  
Ақ сағым — өмірдегі арым, бағам!

## ЗАЙСАН — ЖАЙСАҢ

Зайсан — көл,  
Зайсан — тоғай,  
Зайсан — дала,  
Сыймайды құшағыңа жайсаң да ана.  
Тәңірдің бере салған ырысындай  
Дана шал,  
Жайсаң жігіт,  
Қайсар бала...

Бәрі бар —  
Сұлулық та,  
Сымбат та бар,  
Шежіре — шоқылары тіл қатқан әр.  
Сән-көрік, сәулеті мен салтанатын  
Кеудеңнің бесігіне құндақтап ал.

Сұлулыққа таңырқап, таңданбаған  
Болды ма екен бұл жалпақ жалғанда жан.  
Бір жерұйық, сірә да, осы шығар  
Асан бабам айналып, армандаған.

Екеу болса, бірі едім талайлы ердің  
Сұлу жер көп —  
Бұрын да талай көрдім.  
Бурабай мен Баянның бауырындай,  
Көлі көркем,  
Ғажайып тауы мұндай  
Зайсан — жайсаңға айналып қарай бердім.

\* \* \*

Кең жазыққа үйрендік бала жастан  
Тауға да, теңізге де қарамастан  
Тал, қайың, шырша, терек алаласқан  
Жазиралы жайлауда өстік біздер  
Қиялды қиянына ала қашқан.

Өрі бар, кей түсында еніс те бар,  
Даланың жазықтығы — келіскен әр.  
Жағрафия айтқандай доп емес те  
Ойлайтынбыз:

— Жер, сірә, тегіс болар!

Осылай да балалық ұғымымыз —  
Күлмеңіз, сәби сезім — мұны ұғыңыз.  
Бізде — жаз,  
Қамчаткада — қыс дегенде  
Шайқалғандай болатын тұнығымыз.

Кейін-кейін түсіндік — бәрін ұғып,  
Сезім — арна кеңейді ағын ұрып.  
Теңіздерді жасадық қолымыздан,  
Тауларды Толағайдай алып ұрып.  
Табиғаттың тыңына түрен түсті,  
Жетеледік шөлдерге Іле, Ертісті  
Қалсын деп Жер-ананың жаны кіріп.

Көл жасап,  
Теңіз жасап,  
Орман жасап...  
Тауларға жан бітірдік қолдан қашап.  
Дүние көне тартып кетер ме еді  
Бір ауық Адам болып толғанбасақ!

\* \* \*

Ұшып келем,  
Бұлттарды құшып келем,  
Бірде үстінде,  
Ал бірде түсіп төмен.  
Самолеттің моторы гуілдейді  
Жолбарыстай ыңыранып күшіктеген.

Терезеден қараймын көкке, жерге  
Мен — аспанда,  
Алматы — көп төменде.  
Мына бір бұлт секілді ақ бас бура  
Жатып қалған біржола шөк дегенге.

Іле жатыр энекей иректеліп,  
Телінгендей Балқашқа сүйреп келіп.  
Алатаудың қарағай, шыршалары  
Гайып болды ақыры сиректеніп.

Ұшып келем,  
Сан ойға түсіп келем  
Бірде тоңып,  
Бірісе ысып денем.  
Аспан мен Жер арасы бір тұңғық,  
Ақ қанатпен келеміз бұлтын қиып.  
Шағыл аспан телміріп терезеден  
Ұрланып кеп тындайды күлкіңді ұйып.

Сұлулыққа көз тоймас қарап мына,  
Күншығыс жақ нұрланды, таң атты да.  
Көкжиекке алтын зер таратты да,  
Қошаметін көрсетті қанаттыға.

Шұғылалы жер де әсем, көк те әсем,  
Көзді арбаған қарайсың отқа да сен.  
Табиғат қиялыма қанат берсе  
Ақтық демім біткенше тоқтамас ем!

## **ЖҮРЕК СӨЗІ**

Ауыл жаққа бармағалы бірталай  
Уақыт болған.

— Ей, бауырым, бұл қалай  
Ұмытып-ақ кеткенің бе біздерді  
Ортамызда-ақ жүрмедің бе, шырқамай?!  
*Жіберсек пе әлде өзіңе жаздырып?!*

Дейді маған туғандарым наз қылып  
— Астана не, жіберген бе аздырып  
Бір соғымды есебінен колхоздың  
Жіберсек пе әлде өзіңе жаздырып?!

Сөздерінің әзілі бар,  
Шыны бар...  
Жақсы лепті мен ұқпасам, кім ұғар?  
Кейбіреулер ойлайтындай асылы  
Алматы да курорт емес тынығар.

Алматы да курорт емес тынығар,  
Ақынға да қоятын өз сыны бар.  
Міндеті де, құрметі де —  
Бәрі бар,  
Жоқ жалғыз-ақ мұндағыдай шыны қар.

Аға да бар,  
Іні де бар,  
Бәрі бар...  
Бірі — біліс, біреуі — жай танымал.  
Басың ауырып, балтырың сәл сыздаса,  
Дәрігер де бар дәл қасыңнан табылар.

Санап шығу мүмкін емес барларын,  
Оқығаным, тоқығаным, алғаным...  
Толып жатыр,  
Сондықтан да бауырлар  
Арманымды Алматыға жалғадым.

Күніге сан достарыммен жолығып,  
Жаным шалқып, мерейім де молығып,  
Аспанымды биіктетер толы үміт.  
Кешіріндер бір сәт сендерді ұмытсам,  
Әрқайсысы өздеріндей көрініп.  
Қате-қате,  
Сенбе мейлі, сен мейлі  
Ұмыттым деу орайға әсте келмейді.  
Апта сайын ат сабылтып жетер ем  
Уақыт дейтін күдірет бар, көнбейді  
Ұмыттым деп айтар болсам, дәл соған  
Өзге түгіл, өз көңілім сенбейді!

## **АРТТА БӘРІ**

Май келді —  
Самал есті майда қоңыр,  
Оранды қырмызыға,  
Жайнады өңір.  
Қарт шықты құба жонға —  
Жас күнгідей  
Құбылып, алабұртқан қайда көңіл?  
Көз тікті қия бетке, қыр басына,  
Беу көңіл, өткенді іздеп тұр ма, сірә?  
Алды да азайыпты абайласа,  
Сирепті сұхбаттасар сырласы да,  
Қалжыңмен қағысатын құрдасы да...  
Мына өңір көктем сайын жасарады,  
Адам да талай қырдан асады әлі.  
Сексенмен серіктесіп жүрсе-дағы  
Өзіне аз сияқты жасағаны.  
Қыз-дәурен,  
Қызық, думан артта бәрі  
Тірліктің азайғандай қартқа нәрі.  
Өзегін өрттей жайлап бара жатыр  
Мәңгілік табиғатқа тартпағаны.



Ат берiндер жақсылап жалғасыма,  
Көңiл — дария сыймай тұр арнасына.  
Менi әке ғып әлемге әйгiлеген  
Бұдан асқан қуаныш бар ма, сiрә?!

Деп едiм-ақ, ұсыныс қаптап кеттi,  
Кейi тiптi тiзiмдеп, хаттап кептi.  
Ендi бiрi сан ұлы ғұламаның  
Есiмдерiн әдейi жаттап кептi.

Издеп езi тапқандай ең iрiнi!  
— Шоқан болсын кәнекей дедi бiрi.  
Отырғандар үн-түнсiз ойға шомды,  
Ретсiз деп айтқан жоқ, тегi, мұны.

Кiрiспесiн барынша келiстiрiп,  
Қойды бiрi ұлымды Жеңiс қылып.  
— Табылған ат деген соң үшiншiсi,  
Бокалдарды көтердiк тегiс тұрып.

Кезек келдi сонан соң ақындарға,  
Ескерусiз қалған жоқ батырлар да.  
Мен отырдым тиердей төбем көкке  
Риза болып дос-жаран, жақындарға.

Жалғасты ат қоюдың тамашасы —  
Жаңа тост,  
Жаңа құрмет,  
Жаңа шашу...  
Мөп-мөлдiр шараптарды шайқап iшiп,  
Түйiскеп хрустальдап тараса шу.

Той-думан осылайша тапты арнаны,  
Мына жұрт шешен екен жатқан бәрi.  
Мен бiлсем еңiреген ерлерiңнен  
Бұл кеште айтылмаған ат қалмады.

Айтсақ та әңгімені кең арна ғып,  
Әзірге бір шешімге келе алмадық.  
Біріміз бірімізге тоқтамадық,  
Біріміз бірімізді жеңе алмадық.

Отырды анам ойланып, көп отырды,  
Ежелден ел айтқанға көнетін-ді.  
Жастарменен өз ойын жарыстырып  
Сөз айтуды қолайсыз көретін-ді.

Төңірегін бір шолып қарады да,  
(Кім білген өзі жөн деп санады ма?)  
Орнынан анам жайлап көтерілді  
Бір тамшы шық үйіріп жанарына.

— Шырақтарым, тындандар мені де бір  
Жасаған жоқпыз біз де тегін өмір.  
Ат қою жас сәбиге айтыңдаршы  
Шығатын шыңдарының шегі ме бұл?!

Жақсы бала — ана мен ата арманы,  
Көрер қызық,  
Болашақ татар дәмі.  
Мықты болса өз атын жайсын өзі,  
Ат беріңдер жай ғана қатардағы.

Әркім өзі ұғады түсінгенше,  
Еңселі етсін есімін күші келсе.  
Болмаса жүре берсін ел қатарлы  
Жақсы аттың абыройын түсіргенше.

Көп есімдер көрініп аласа тым —  
Жақсы ат іздеп отырсақ «жарасатын!»  
Анам тіптен оп-оңай шешіп берді  
Біз білмес пайымы мен парасатын.

## Екінші бөлім

---

### СЕНІМ

Білмеймін көп жайларды білсем деген,  
Кім сенген тәтті үмітке, кім сенбеген.  
Аптапта жан сауғалар көлеңке іздеп,  
Аязда кездерім бар бүрсендеген.

«Тұрмайды бір қалыпта өмір неге —  
Медеу ғой өзгермесе көңілге де.  
Жап-жаңа шөкім бұлт жоқ ашық еді  
Кенеттен күңгірт тартты көгім неге».

Деген де кездерім бар,  
Жасырам ба.  
Тіршілік — ұлан дария, асыл арна.  
Кейде пәс көрінеді Алатауда  
Бөленген бауыры гүлге,  
Басы қарға.

Әркімнің арна тартқан жол басы бар,  
Адамды адалдықпен қолдасын ар.  
Қашаннан ел сенімі — ер серігі,  
Байлам ғып тәуекелін жолға шығар.

Тағдырдың тауқыметі мол да шығар,  
Бір жол — теріс,  
Бір жолы оңға шығар.  
Сол жолда жөн сілтейтін Темірқазық —  
Жігіттің сенім дейтін жолдасы бар.



Ел болмаған пендеге ел емеспін.  
Жақсы болсам, өзіме...  
Жаман болсам,  
Жөндеп бер деп сұрамас сенен ешкім.

## **ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ КЕЗДЕСУ**

Ақын халық — құмар жан өмірге ерен  
Кезі кем шалқып-тасып, төгілмеген.  
Жастықпенен тағы да ұшырастық —  
Қартаюды білмейтін көңілменен.

Ой көп...  
Бәрін айта алмай қиналасың,  
Өңкей өрім бергендей сый-бағасын.  
Солардың алаулаған жалынымен  
Қайта оралып келгендей жиырма жасым,  
Мені қырыққа біржола қимағасын.

Жиырма жасым келгендей қайта оралып,  
Көңілімнің тұнығын шайқап анық.  
Құс-көңілім кетеді самғап биік  
Аспанында Арқаның байтақ, алып —  
Арманымның айдынын байқап алып.

Мөлдіреген көп көздер сыр ақтарып,  
Отырғандай бізді әрі сынап, бағып.  
Кешегі қима қасым сияқтанып,  
Кешегі жиырма жасым сияқтанып,  
Бара жатқан біртіндеп жырақ қалып.

Күлкі ойнаған көздердің қиығында,  
Сарыарқаның сарыбел қиырында,

Ұқтым мен жастықпенен табысудың  
Қуанышын,  
Ләззатын,  
Қиынын да...  
Тірліктің таусылмайтын сыйы мұнда.

О, Жастық!  
Күйі бөтен, сыйы бөтен  
Жырмен сомдап —  
Бейнеңді биік етем.  
Сеніменен табысу қандай қиын?..  
Ажырасу — одан да қиын екен,  
Қиын екен!

## **АРМАН**

Арыс өтті дүниеден,  
Анасы бар —  
Арман-ай,  
Қу тірліктің қаттысы,  
Сұм тағдырдың жалғаны-ай.  
Қамшы сабы секілді —  
Қысқа ғана ғұмырда  
Ғазиз жанның аңырап,  
Қара киіп қалғаны-ай!

Осылай ма ең, о жалған,  
Алдамшы өмір мекені,  
Біреу ерте өзіңнен,  
Біреулер кеш кетеді.  
Оған, сірә, ешкімнің  
таласы жоқ,  
Десек те...  
Тек перзентін анадан

Кейін алса не етеді?  
Дінгегінде дірілдеп  
Шыр айналған жер шары,  
Мекендеген сол Жерді  
Біреулердің дер шағы.  
Асыл ойлы Ақынды,  
Азаматты алғанша  
Әкетпей ме сұм тағдыр  
Зұлымдарды келсе әлі...

Дінгегінде дірілдеп,  
Шыр айналған Жер шары  
Ақындар мен батырлар  
Ел мерейі,  
Ел сәні.  
Санатта бар,  
Сапта жоқ біреулердің орнына  
Екі ғұмыр бермей ме  
Жайсандарға келсе әлі.

Өкініші — өткеннің  
Орыны әсте толмайды  
Талқысына тағдырдың  
Ара түсіп болмайды.  
Туған адам өлуден  
Құтылмайды. Зандылық:  
Тек жақсылар арадан  
Жастау кетсе,  
Сол қайғы.

## **МЕН СЕНІ ТАНЫМАДЫМ**

О, күдірет,  
Мен сені танымадым,  
Танымадым,  
Барсам да жаныңа мың.  
Қалай ғана өзгерткен мына ғұмыр —  
«Достық! — деуші ең, — сыйынып, табынарым»!  
— Достық! — деуші ең,  
Қалтқысыз сенетін ек,  
Бәрі тапшы,  
Ол кезде не жетіп ед.  
Артымыздан келсе егер жарты күлше,  
Жарымын қиналмай-ақ беретін ек.  
    Уақыт солай,  
    Амалсыз төзесің де,  
    Достық жайлы сен айтқан сөз есімде.  
    Қиын күнде өзіңмен бөліскенбіз  
    Интернаттың жарты аяқ көжесін де.  
Өткенді ойлап еріксіз толғанасың,  
Балғын шақта білмеппіз мол бағасын.  
Енді соның бәрін де былай қойып,  
Сәлемді де сызданып зорға аласың.  
    Осы сенде жүректің бары рас па,  
    Мінезің де,  
    Сөзің де,  
    Бәрі... басқа.  
    Бізді қойып,  
    Дәл бүгін көре қалса,  
    Туған анаң, оллаһи, танымас та.  
Сені көріп шегеді көңіл нала  
Елден ерек кеткендей жолың дара.  
Қазірде ғой бәрі де жетіп жатыр,  
Жетпесе,  
Тек жетпейтін көңіл ғана.

## **ЕЛ АРАЛАҒАНҒА НЕ ЖЕТСІН**

**Жаз келе жатыр,  
Жаз келе жатыр тағы да —  
Курортқа барып,  
Дем алатындардың бағына.  
Мен-дағы бір жыл сайрандап қайтсам деп едім  
Сағына бастадым,  
Ауылды қайта сағына.**

**Жаз келе жатыр,  
Жаз келе жатыр тағы да,  
Қыс бойы бір «ит» маза бермей жүр жаным.  
Жаз шыға сол «ит» жаңыла қалса, жаңыла  
Ауылға барсын,  
Қарсылық етпе шалыңа.**

**Ауылға барсын,  
Қарсылық етпе, кемпірім,  
Тұрғанда мына мен тірі  
Және сен тірі...  
Жатбауыр болып кетпесін мына балалар,  
Жылда бір барып көріп қайтсын да ел түрін.**

**Жаз келе жатыр,  
Жаз келе жатыр,  
Күн жылып —  
Ел аралағанға не жетсін және бір жүріп.  
Өмір бар болса,  
Курорт дегенің табылар,  
Несібелі дәмді әкестер дейсің кім жұлып.**

## ҮНСІЗ ҚАЛҒАНЫҢ КӨП АРТЫҚ

Не жаздың дейсің,  
Тосындау болды-ау сұрағың,  
Ұқпадың ба әлде сағымның содан сынарын.  
Өлең жазам деп түсіп пе ем ауруханаға —  
Шамырқансам да,  
Шарт сынбай қайта шыдадым.

Төңірегімді тұмшалап кейде ой қалың,  
Теңіздей терең тұңғиығына бойладым.  
Жақсы жыр деген ұстатпай қойды армандай,  
Жаман жыр жазу —  
Сүйекке таңба,  
Бойға мін.

Көш жүрер сәтте желмая — нарды жоғалтып,  
Қойғандай сосын жорғаға теңдеп қоң артып.  
Жасық жырменен топты көбейтіп жүргеннен,  
— Жазбады-ау,— дегізіп,  
Үнсіз қалғаның көп артық.

## АРМАН ҚАНАТЫ

Кең әлемді шарлаған құстай бір дем,  
Қанатым жоқ —  
Шығандап ұшпаймын мен.  
Сонда-дағы тірліктің қан тамырын  
Қалт жібермей сәт сайын ұстай білем.  
Құшағыма жер-жаһан сыйып демде,  
Көз саламын ғарыштан сүйікті елге.  
Аңыздағы ғажайып ақиықтар  
Болған емес мен шыққан биіктерде.  
Шарықтаудың соққанда сағаты дәл,  
Күдірет күллі әлемде дара тұрар —  
Қиял жетпес қиянға жеткізетін  
Адамның арманының қанаты бар.

## **БАҒЫҢДЫ СЕН ДЕ СЫНАП КӨР**

Бәйгеге қостым, құлыным,  
Бағынды сен де сынап көр.  
Намысшыл жанның бірімін —  
Ширыға шабар пырақ бол.

Айрылма бар кез бабыңнан,  
Өмірдің өзі — күнде сын.  
Шабысың көзге шалынған  
Шайлығып қалып жүрмесін.

Мерейім өсіп қалсын бір —  
Екпінің желдей ескенде.  
Талайды терге малшындыр,  
Ілеспей қалсын еш пенде.

Ағып өт оқтай мәреден,  
Намыстың отын маздатып.  
Әкенді мынау кәрі емен  
Шарт сынып кете жаздатып.

— Қас дүлдүл осы екен ғой,  
Қайтеді-әй, мынау?! — дегізіп.  
— Әлі де белі бекем ғой,  
Тізгінін кетер тегі үзіп!..

Тұрайын көзден жас төгіп —  
Төбеме тық-тық тиіп көк.  
Бақыттан шала мас болып,  
Алатаудан да биік боп!

## **ШЫНЫМДЫ АЙТСАМ**

Диқан бауыр!

Бармысың, аманбысың,

Жылдағыдай биыл да алаңбысың?

Көк торғынға көмкеріп —

Жазирадай

Жасандырып қойыпсың даланды шын.

Даланды шын қойыпсың жасандырып

Жердің сырын алғансың қашан біліп.

Өмір шыңдап өсірген өрлігің бе

Жас та болсаң,

Көрмедім жасаң қылық.

Көп жасаған көнедей парасатың,

Жақын тартып жақсымен жанасатын:

Ақыл-ойың,

Мінезің салықалы.

Ердің бес қаруындай жарасатын.

Сөйлеп кетсең тереңнен тебіреніп,

Жердің жайын ойлайсың еміреніп.

Шынымды айтсам,

Өкіндім диқан болмай

Туғанымға ақын боп,

Сені көріп.

## **БАУРАҒАНДАЙ ЖАНЫМДЫ**

Таңнан тұрып,  
Малынып таң шығына,  
Баурағандай жанымды ән-шұғыла.  
Жүрдім кезіп жазира кең жазықты  
Ғашық болып дүниенің бар сырына.

Көктеменің керімсал самалы есіп,  
Көкжиектей көңілім қалады өсіп.  
Енді бірде бәрін де ұмыттырып,  
Әлдилейді анамдай дала — бесік.

Әлдилейді табиғат тәтті әнімен,  
Шуағымен,  
Шұғылалы шақтарымен,  
Көкірегіме сан әуен құйылады  
Бұлбұл сайрап тұрғандай бақта кілең.

Бір шығарып күн нұрын, бір батырып  
Көлдің беті толқынмен ыргатылып,  
Сұлулықтың сәулесін еркелетіп,  
Бар дүние тұрғандай нұрға тұнып.  
Нұрға тұнып,  
Ғажайып сырға тұнып...

Таңнан тұрып,  
Малынып таң шығына,  
Қызық көріп мөп-мөлдір тамшыны да,  
Көктем көркін кеудеме құйып алып,  
Ғашық болып дүниенің бар сырына  
Жүрдім баурап жанымды ән-шұғыла.

## **ЕКЕУІ ДЕ ӨЛМЕЙДІ**

Тағдыр соны жазғандай таланыма —  
Күнде көрем ақты да, қараны да...  
Біреулер жүр күлкіден езу жимай,  
Біреулердің мұң тұнып жанарына.

Күнде көрем достықты, дұшпандықты,  
Ерлікті де, ездікті, мыстандықты.  
Күнде көрем түңілуді көрге сүйрер,  
Өрге сүйрер және де құштарлықты.

Шаттығым бар шайқалып төгілмеген,  
Сәл нәрседен мұңаям, көңілденем.  
Таразының тең басып екі басын  
Қайшылықтан тұрады өмір деген.

Достық та бар —  
Жүрміз тек көбіне ермей,  
Қастықтан да қабырғам сөгілердей.  
Менің барлық ұққаным —  
Тіршілікте  
Екеуі де өлмейді өмір өлмей.

*Талғам жөнінде таласпайды.*

*Халық даналы*

\* \* \*

Рас шығар,  
«Халық айтса, қалт айтпайды»,  
Талас деген адамды марқайтпайды.  
Сонда-дағы кей кезде шындық үшін  
Айтыспасаң жаның еш жай таппайды.

Кейде біреу шындықтан ала бөтен —  
Хас сұлуды  
Десе бұл жаман екен.  
Қалай ғана мен оған бір сөз айтпай,  
Жайбарақат жанынан қарап өтем.

Қалың елі мақтаған хас батырды  
Бір есерсоқ даттады,  
Бас қатырды.  
Не болады сол жерде айтыспасам,  
Жоғалтам деп «сабырлы, жақсы атымды».

Күю бөлек қашанда,  
Тоңу бөлек —  
Жақсы шығар шыдамды болу да ерек.  
Талғам үшін кей-кейде талас емес.  
Қажет болса,  
Соғысып өлу керек.

## **ЖЫЛАП ТҰРМЫН**

Жылап едім алғаш әкем өлгенде,  
Жылап едім жетімдікті көргенде.  
Маңдайымнан сипаған-ды біреулер  
Басу айтып сол демде.

Таусылды ма шыдамым —  
Бүгін, міне, екінші рет жыладым.  
Ер адамның оғаш рас жылауы,  
Бірақ оған таңырқама, шырағым.

Жылап тұрдым ет жүрегім езіліп,  
Қыран аспас қия асуға кезігіп.  
Әлділердің әлділігін сезініп,  
Әлсіздердің әлсіздігін сезініп.

Жылап тұрдым —  
Жас жоқ бірақ көзімде,  
Өзге тұрмақ сенбестеймін өзім де  
Жүрегімді ашып көрсең білер ең,  
Жылап тұрмын —  
Тозады екен төзім де.

Болды бәрі тосыннан —  
Дірілдейді ет жүрегім шошынған.  
Алғаш рет тыңдата алмай сөзімді  
Дедім:  
— Енді айрылыппын досымнан.

Жылап тұрмын —  
Сөкпе мені, шырағым,  
Жоғалтқандай егізімнің сыңарын.  
Таусылғаннан шыдамым,  
Құлап түсті шығарым,  
Содан барып жыладым —  
Бәлкім, менің бұл соңғы рет жылауым!

## ТАҒДЫРМЕН ТІЛДЕСУ

О, тағдыр!

Неткен мұнша безбүйрек, қатал едің —  
Көп ісіңе кіна артып жатар елің.  
Онсыз да қысқа өмірін келте қылып,  
Жақсыларға саласың ерте құрық,  
Кеткендей ата кегің.

Батырларды —  
Жауының көкірегін баса алмаған,  
Ақындарды —  
Дарынының бар гүлін аша алмаған,  
Әншілерді —  
Көмейіне мың бұлбұл ұялаған,  
Көкірегін күмбірлі күй ораған,  
Тағы-тағы осындай жақсыларын,  
Арманының мәуелі бақ-шынарын  
Өлімге қия ма адам?!

Әділетсіздік еді бұл не деген —  
Ақ қайыңды,  
Жас талды бүрлемеген,  
Жауказынды өртейсің гүлдемеген.  
Ал соның есесіне сұрқияның —  
Өміріне өзек еткен құр қиялын  
Гүл-гүл жайнап жүргенін күнде көрем.

Өмірдің болады рас күресі де...  
Соның бәрін сақтайды кім есіне?  
Десек-тағы жалындап, жанып өттің —  
Дақ түседі жанына әділеттің  
Тисе жеңіс сұмдықтың үлесіне.

Абай бол сол үшін де,  
Жіті қара,

Басып қой жауыздықты, құтыра ма.  
Көнген бас құтыңа да,  
Жұтыңа да  
Тағдырынан қашқанмен құтыла ма;  
Абай бол сол үшін де,  
Жіті қара!

## **АУЫЛ ДӘМІ**

Қазы келді ауылдан,  
Қарта келді...  
Сағынышын анамның арта келді.  
Балам барып достарын шақырып жүр  
Әкелгендей көшіріп жарты әлемді.

Шұжық та бар,  
Жал да бар,  
Жая да бар...  
Түгел астыр мамаңа,  
Аяма, бар!  
Қай кезде де баланың жөні бөлек —  
Алматыға күні ертең жаяды олар.

Шақырғаның қалдырмай тәуір бәрін,  
Келсін түгел достарың,  
Бауырларың...  
Өскенде олар әженді еске алады  
Жіберген деп арнайы ауыл дәміні!

## ҚҰРДАСҚА НАЗ

Әзіліңнің артығы бар,  
Кемі бар —  
Қалағаның болса үйімнен келіп ал.  
Құрдастарың да азайыпты-ау ауылда  
Арсың-күрсің мінезіңмен сені ұғар.

Кел үйіме,  
Келем десең, келе бер,  
Сөз айтқанда өзіне де сенеді ер.  
Екеу болып бәйбішені жөндерміз  
Ойдағыдай қарсы алмаса сені егер,  
Кел үйіме, келе бер!

Биігіңді төмендетпе, еңселім,  
Әзірге ғой қонағыңмын мен сенің.  
Домалатып алайын ба доп қылып,  
Қауырт ісін қоя тұрып кеңсенің?

Солай-солай,  
Қорықтың ба, бастығым,  
Көрсін қауым,  
Белдесуден қашты кім?  
Өзіңді іздеп келгендегі  
«Бас мұңым» —  
Оралса деп ойлап едім бір сәтке  
Жиырма жылға озып кеткен жас күнім.

Қорықпай-ақ қой,  
Аунатпаймын, қорықпа!  
Көрмегелі талай уақыт болыпты, ә?!  
Көп жыл бойғы сағыныш қой,  
Әйтпесе —  
Уақытым жоқ кететұғын қонып та!



## **АҚЫН ЖАНЫ**

Таныр жасқа келдік қой кісі реңін,  
Ойнама сен,  
Ойынды түсінемін.  
Тең көргенді кем көру достық емес,  
Жосығы жоқ —  
Мен қайтып кішіремін?

Жылдар өтті зымырап арада сан,  
Әуре болма достыққа жарамасам.  
Тең деп ұқсаң,  
Тең тұрып араласам,  
Сатып алар сезімнің қадірі жоқ —  
Қарамаймын мен-дағы қарамасаң!

Достарым көп қалада,  
Далада сан..  
Көресің бірге жүріп араласаң.  
Ақын жаны жауқазын гүл сияқты —  
Гүл қайтып көктемейді жараласаң.

## **ӨМІРДІҢ ЗАҢЫ СОЛАЙ**

Күн артынан ілесіп күн келеді,  
Таусылмайды тірліктің дүрбелеңі.  
Өмір — асу,  
Бір биік артта қалса,  
Шығады алдан тағы да бір белеңі,  
Күн артынан ілесіп күн келеді...

Шығады алдан тағы да бір белеңі,  
Тағдыр сый ғып тартады кімге нені.  
Қанатсыздар қияндап ұша алмайды,  
Әркім шама-шарқынша күн көреді.



## АҚЫН БОЛУ ОҢАЙ МА

— Ақын болу оңай ма?  
— Не деп жауап берейін, інішегім,  
Түсінуің қиын-ау мұны сенің.  
Шынымды айтсам,  
Жүргенде ақын болмай  
Алаңсыз, әлдеқайда тыныш едім.

Болмаса да пәлендей мақтанарым,  
Күндіз елмен қызмет атқарамын.  
Түн бойында — ақынмын,  
Көз ілмеймін —  
Демек, жаным, екі есе вахтадамын.

Қызметте білем жұрт не дейтінін,  
Достарым көп қиналсам демейтұғын.  
Ақындықта — жалғызсың,  
Жығылсаң да...  
Бір пенде жоқ желейтін-жебейтұғын.

Достарың  
— Азамат-ақ! — десін мейлі,  
Бос мақтау мерейіңді өсірмейді.  
Жасық жыр жазар болсаң,  
Өмір-бақи.

Жат тұрмақ,  
Жақының да кешірмейді.

Жүр дей көрме ағамыз жат ұғымда —  
Кешірмейді жатың да,  
Жақының да...

Білсең, інім, өнердің өлшемі сол,  
Тура бидей —  
Туыс жоқ ақынында!

Ақын болу оңай ма?  
Бұл сауалды қанша жас қайталады,  
Кім осыны тап басып айта алады.  
Ал, мен білсем,  
Күндердің күнінде бір  
Өз жүрегің жауабын қайтарады.

## **БӘРІН БІЛСЕК**

Бәрін білсек,  
Өмірде бәрін білсек,  
Балдай тәтті —  
Шырынның дәмін білсек,  
Удай ащы —  
Запыранның зәрін білсек,  
Тілді үйірер тірліктің нәрін білсек...

Білсек егер ертеңгі күнімізді,  
Толатұғын,  
Солатын гүлімізді,  
Еліктіріп өзіне ертер ме еді  
Баға жетпес тірліктің құны бізді.

Жұмбақ өмір —  
Өріне тартар ма еді,  
Тартар ма еді,  
Тау. — міндет артар ма еді.  
Білсек егер пәнидің соңы барын  
Басталған той тым ерте тарқар ма еді.

Қыз жігітке ғашық боп,  
Қызға жігіт...  
Жанар ма еді алаудай қызған үміт.  
Қарар ма еді төменге тірлік үшін  
Қыран құс тас қия мен құзда жүріп.

Адам биік тұғырда тұр дегенмен,  
Бағалар ма бақытты күнде келген.  
Кейде тағдыр кетеді оындырып,  
Қолда бардың қадірін білмегеннен.  
Тарам-тарам тірліктің жолы барын  
Білсек-тағы,  
Жоқ бізде соны ұғар күн.  
Өмір — өзен,  
Білмейміз бақ пен сордың  
Қайсы қайда,  
Қай күні жолығарын.  
Мына ғұмыр —  
Болмысы, белысымын...  
Алар баурап қашан да толы ісімен.  
Ұғуымша әу баста-ақ адамдарды  
Ынтықтырып қойған-ау сонысымен.

## САҒЫНЫШ

Көктем туды —  
Күн бірақ жылымады,  
Табиғаттың сыры көп,  
Кім ұғады.  
Тершігендей болса да,  
Күрт түспеді  
Көлдердің көпіршіген шынылары.  
Кім білген,  
Бермей-ақ тұр күн қабағын,  
Жоқ әзір сай-салада...  
Жылғада ағын.  
Тепсініп теріскейден жел еседі —  
Көбейтіп көңілдердің шырғалаңын.  
Табиғат қоштаса алмай әлі қыспен,  
Аяз тұр күн шуақты шалып іштен.  
Тіршілік алға қарай асығады,  
Көктемге деген іңкәр сағынышпен.

## **ЖЫР ТІЛЕЙДІ ЖҮРЕГІМ**

Жыр тілейді жүрегім,  
Жыр тілейді,  
Ақ шуақ —  
Ақ сәуледей нұр тілейді.  
Сапырып сезім — сері толқындарын,  
Теңіздей дауыл соққан дүркірейді.

Теңіздей дауыл соққан дүркірейді,  
Найзағай шатырлайды,  
Күркірейді.  
Жаным да астан-кестен сілкіністен  
Көктемгі Жер-анадай бір түлейді.

Асырып алты қырдан салған әнін —  
Жатады жарға соғып арман — ағын.  
Өтеді тізбектеліп көз алдымнан  
Алданғаным,  
Біреуді алдағаным...

Ағысқа қарсы қайық ескен күндер,  
Түйінді көңілдегі шешкен күндер,  
Өтеді тізбектеліп көз алдымнан  
Пәниді пенделікпен кешкен күндер.

Арманның ақ шаңқанды арайында  
Кеудемнің кір қалмасын сарайында.  
Өлеңге түсіремін өмірімді —  
Бәрін де айтқым келіп ағайынға.

## ҚОНАҚ КЕЛДІ ҮЙІҢЕ

Қонақ келді үйіңе,  
Қонақ келді,  
Бір келгенде сау етіп мол-ақ келді.  
Түсіп жатыр жиенің томпаң қағып,  
Жезденді көр,  
Әнекей, көр әпкенді.

Құдаң бар,  
Құдағың, құдашаң бар...  
Бөтен болмас тағы да мына шалдар.  
Барлығыңды,  
Және де нарлығыңды  
Көрмек шығар,  
Аз емес шыдасандар.

Тіреп жатыр ат басын үйіңізге —  
Келген қонақ қарамас үйіңізге.  
Ертең барып айтады өз еліне  
Көңіліңіз...  
Көрсеткен сыйыңыз не?

Беделі бар қаншалық кімнің кімге,  
Құда-қонақ сынағыш,  
Сыр білдірме!  
Кейде артықтау болады еркелігі  
Көтермесең ондайын —  
Бүлдірдім де.

Сынау емес,  
Еркелік қайта басым,  
Сыр берме сен.  
Оныңды байқамасын.  
Қажет болса ертең күн өзің барып  
Қарымын артығымен қайтарасын.



## **БАЗАРДА**

Демалыс күн.  
Қаскелеңнің базары.  
Құрыстаған талай бойды жазады.  
Осы өңірдің орыс, ұйғыр, қазағы...  
Кейі атты,  
Кейі жаяу жетеді  
Өз-өзіне іздегендей жазаны.

Көшкен сендей бірін-бірі ұрғылап,  
Көп нөпірді денесімен бұрғылап,  
Бір сүрініп,  
Бір соғылып,  
Бір құлап...  
Мына қалың тобырды  
Осы арада жүр құрап.

Жоқ көбінің алары,  
Не сатары...  
Тым құрмаса делдалдықпен шатағы.  
Дүкендерде қат-қат тұрған матаны  
Осы жерде әрі-бері аударып,  
Тек, әйтеуір, білгішсініп жатады —  
Базар барып қайтты деген атағы.

Келіп едім,  
Сәлден кейін кетем деп,  
Жан қинамай қайтсем үйге жетем деп,  
Не болмаса қайта жаяу тепеңдеп  
Жүргендерді көрген сайын ойлаймын  
Тыншытпайтын —  
Қолы бостық па екен деп...

## **КӨКЖИЕК**

**Көкжиек көз алдымда көлбеңдеген  
Тоғысып өзендермен, көлдерменен.  
Тауларды... Мұхиттарды... Теңіздерді...  
Құмдарды... жалғастырған шөлдерменен.**

**Бейне бір киіз үйдей көмкерілген —  
Үстіне Жұмыр жердің төңкерілген.  
Аядай алақанда тұрған тұсы  
Әкеліп бар келбетін өлкенің кең.**

**Сән көрік,  
Сап сұлулық,  
Сан асылды  
Сыйдырған уысына саға сынды.  
Ғажайып келбетімен тербетілген  
Сыйлайды табиғатқа жарасымды.**

**Көкжиек — жалғыз өзі ерен мықтың  
Өлшемі биіктіктің, тереңдіктің,  
Адамзат ойлап тапқан парасаттың,  
Мен білген Ұлылық пен Кемелдіктің...**

## **НЕМЕРЕЛІ БОЛЫП КӨР**

Бар жақсыны бойына үйіп-төгіп,  
Бүлдірсе де бір затын қызық көріп,  
Анам менің ұлыма шыбын жанын  
Отырады күн сайын үзіп беріп.

Ұлым да мәз —  
Ол күшік не біледі,  
Ойламайды әкем деп тегі мені.  
Әжесінің сөзіне семіреді,  
Әкесінің өзіне елігеді,  
Екеуінің жүргені бір одақ боп  
Маған тіптеп қызықтай көрінеді.

Қызыл тілге кезек кеп, тигенде ерік  
Өзімше сәл нәрсеге күйген болып,  
Анама өп-өтірік ренжимін:  
— Бір үйді шығардың,— деп,— үйден бөлші!

— Апа!— деймін,  
Шынымен немереңе  
Ішің бұрып тұра ма,  
Неге? Неге?..  
Мына мендей ұлыңа шынымен-ақ  
Тостаған көз жаманың теңеле ме?!

Қызығы мол —  
Бір күні мың күнге тең,  
Немеренің қылығы, шіркін, бөтен!—  
Дейсің тағы.  
Қайранмын, өз ұлынан  
Немере артық болуы мүмкін бе екен?!

Аң-таң қалып тосындау сұрағыма  
Анам маған қарады —

### Сынады ма?

Тосылды ма төтеннен сөз таба алмай,  
Әлде емендей шарт сынбай шыдады ма,  
Риза болмай тұрды ма, сірә, ұлына?

Үнсіз тұрды тіл қатпай түйық та, ойлы —  
Маған қарап қабағын түйіп қойды,  
Иіп келіп денесін биік бойды:  
«Немерелі болғанда көрсең!» — деп  
Маңдайынан ұлымның сүйіп қойды.

### БІР НӨСЕРДІҢ КЕРЕГІ-АЙ

Қар жоқ.  
Бірақ бар суық ызғырығы  
Табиғаттың жоғалған қыз қылығы.  
Күн шуағын қаншама төккенменен,  
Жібермейді ырқына күз құрығы.

Қоңырқай кеш зіл батпан ауыр қандай?  
Дел-сал күйде Жер-ана ауырғандай.  
Құрыстаған денесін жіпсітетін  
Ең болмаса қойды ғой жауын жаумай.

Сыналатын талайдың бақ-талайы  
Қарсыз өтіп барады ақпан айы.  
Биылғы қыс — қыс емес,  
Табиғаттың  
Жылдағыдан, неменс, жат па райы?!

Сұлық тұрған қайың, тал, терегім-ай,  
Түнжырайсың бейуақыт неге бұлай.  
Білем, шіркін, сендерді шомылдырып  
алатын бір нөсердің керегін-ай!

## **СУРЕТШІ**

Қыз Жібектей бір сұлу қиялыңда,  
Көкірегімен ілесіп күй — ағынға,  
От шашырап тұлпардың тұяғында,  
Сабасына сыймасын, сыярын да  
Отыр білмей қыл қалам құдіретті  
Құймасын да, нөсер боп құярын да.

Кезіп қиял бұлттардың ара-арасын,  
Шағылдырып шақпаққа шара басын  
Бояу іздеп басқадан дара, басым,  
Жиһангердей кезеді дүниені  
Шарқ ұрдырып шабыттың шағаласын.

Бірде жұқа бояуы, бірде қалың  
Бірде солғын алауы, бірде жалын  
Құйып беріп көңілдің күнде нәрін,  
Талқандаған тау-тасын тасқын, селдей  
Көкіректе толқын боп жүрген арын.

Бергені бар,  
Әзірге алғаны жоқ,  
Шындығынан сезімнің жалғаны көп,  
Кірпік ілмей атырған таңдары да от,  
Алаулаған жалынын сөндіре алмай,  
Отыр тағы ырқына көндіре алмай,  
Қиялдағы Қыз Жібек арманы боп!

## ӘНШІ

Әншіні бұлбұл құсқа теңемеген  
Ақын жоқ.

Сол теңеуге сене берем.  
Дегенмен көп бұлбұлдың біреуі де  
Әнші деп айта алмаймын сенен ерен.

Сызылтып бала күннен қаршадайын  
Шырқадын.

Ұйып қалды барша ағайын.  
Теңіздер толқынынан тына қалды  
Сыбдырын қоя қойды арша, қайың...

Ұқпадым, ән боп өзің жаралдың ба,  
Тербедің айлы кеште, таң алдында.  
Шым-шымдап жүректерге жетіп жаттың  
Шипагер лебі болып самалдың да.

Әнші емес,  
Мен өзінді ән деп ұқтым  
Үніне қол соқпады таң болып кім?!  
Кеудеме ұялаттың сәби шақтан  
Осы деп күдіреті сән-көріктің.

Тоғысып тоқсан торап жыл өткенде,  
Көңілді қарттық жетіп жүдеткенде,  
Ойлаймын сенің жарқын «Ақ Самараң»  
Құяр деп жастық лебін жүректерге.

Әншіні бұлбұл құсқа теңемеген  
Ақын жоқ.  
Сол теңеуге сене берем.  
Ойлаймын:  
Көп бұлбұлдың біреуі де  
Әнші болып көрген жоқ сенен ерен.

## ҚАНСОНАР

Күздегі абыр-сабыр тына қалып,  
Басқаша күй кешкенде мына халық,  
Бір-бірін соғымына шақырысып,  
Барады бір-біріне сыбаға алып.

Бел шешіп қауырт істен жас та, кәрі...  
Тірліктің баурап алып басқа амалы  
Ақ қарда жаңа жауған ит жүгіртіп,  
Қызығы қансонардың басталады.

Келтіріп күй-бабына қыранын да,  
Байлайды таң асырып пырағын да.  
— Хабарла жігіттерге,

Таң сәріде

Бәріміз тоғысамыз Құлақұмда! —  
Дегені қарт аңшының бұйрықтай боп  
Тарайды бірден бірге бұл ауылда.

Саяткерлер сәріден тұрып алып,  
Қарына бір-бір сойыл іліп алып,  
Жобамен аң өрісін біліп алып,  
Жөнейді ауыл үстін дүбірлетіп,  
Бірі озып —  
Ұбақ-шұбақ бірі қалып.

Алысып ауыздықпен жарау аттар,  
Жазылған ақ қағаздай қалады ақ қар.  
Із кескен қансонарда жігіттерді  
Тұрғандай күтіп небір ғаламаттар.

Беткейден қызыл түлкі қылаң беріп,  
Күйқылжып көзді арбайды сылаң көрік.  
Құсбегі томағасын тартқан сәтте  
Шарқ ұрып шықты аспанға қыран көріп.

Тең болып көрінгенмен жайда бәрі  
Аңшы жоқ ата жолдан тайған әлі.  
Қыран алған түлкіні жөніменен  
Біреуі қанжығаға байланады.

Олжасы емес,  
Жол басы еліктіріп,  
Жылт еткен үміт оты желіктіріп,  
Қайқацнан қағып тағы түлкі іздейді  
Алғашын ақсақалға беріп тұрып.

Қызықтың ортаймаған арнасы әлі  
Ұзатып күнді күнге алға асады.  
Қыс — Көктем,  
Жаз — Күзбенен алмасады.  
Ал, қыстың қансонарсыз бар ма сәні?!  
Табиғаттың ғажайып қызығы да  
Осылай бір-біріне жалғасады.

• • •

Құдайдың күндері де ала-құла.  
Кеше қандай?  
Ая бүгін қара мына...  
Жер-дүние қоңырқай, Күрсінеді —  
Бұлттардың тамшы ілініп жанарына.

Кеше қандай!  
Айнала жарық еді,  
Мына дауыл бастады тағы нені?  
Бұйығысқан бұлттарды сапырып жүр  
Жағасынан сүйрелеп әрі-бері,  
Үзілмесе жарар-ау кәрі белі.

Кеше қандай!  
Дүние аппақ еді —  
Шақырған-ды бір құрбым баққа мені.  
Жаз көңілі жадырап Ай нұрымен  
Астасып, шалқып-толқып жатқан еді.

Кеше қандай!  
Дүние тұнық еді,  
Айдынында ақ сәуле тұнып еді.  
Аяқ асты өзгеріп сала берді  
Бүгін қабақ бермей тұр күн реңі,  
Өн бойыңа саусағын сумаңдатып  
Суық желдің қолдары жүгіреді.

Дәл осындай менің де қас-қабағым,  
Қуанамын, шалқимын, мастанамын...  
Аясына сия алмай астананың  
Айлы түнде шырқаймын аспан әнін.  
Құрығандай басқа ой, басқа амалым  
Қамсыз, мүңсыз күн кешкен жас баламын.

Жерде жүрем кей-кейде аспан десем,  
Бақытқа орта туғандай бастан кесем.  
Тышқаннан да тығылар кездерім бар  
Дей жүріп:

Жолбарыстан жасқанбас емі  
Қанағат! Бір тосқан бол асқанда сен!

Менің-дағы күндерім ала-құла  
Көріп келем ақты да, қараны да...  
Қоңырқай реңіме қара мына,  
Сыр жасырып көрмеген жанарыма.  
Қиянатшыл, үстемшіл іске налып,  
Кейде амалсыз тілімді тістеп алып,  
Үнсіз қалам «тас тұрып» тамағыма.

\* \* \*

Жұма күнді ауырлау күн деседі,  
Біле алмадым кімнің қандай, не есебі?  
Бәлкім, жай бір айтылған сөз кешегі —  
Ал, әйтеуір, біздің әулет көп ісін  
Басқа емес,  
Жұма күні шешеді.

Арғы атамыз батыр болған әйгілі,  
Шын ерлікке есеп пе екен ай, күні?  
Жұма күні жауын жерге қаратып,  
Сыпырыпты ел үстінен қайғыны.

Содан бері бұл әулетте Жұма күн  
Бастауындай бақыт көзі — тұманың  
Мерекеге айналыпты.

Мен де оны

Тірлігімде талай мәрте сынадым,  
Жұма күнді жеңіл күн деп ұғамын.

Ырымшыл деп, сірә, мені сөкпендер,  
Алмасқандай жаз, күз, қыс пен көктемдер,  
Ұрпағына мирас болса песі мін  
Ата-баба салып кеткен өткелдер,  
Одан, тегі, бүлінбейді Көк пен Жер!

Жұма күні жолға шықтым сан рет,  
Сәтіменен тындырғаным тағы көп.  
Өмірімнің нұрлы болашағы деп  
Жүрген ұлым Жұма күні туыпты  
Шаңырақтың шаттығы боп, сәні боп.

Санап түгел тауыспасын бәр-бәрін  
Жұма күні көп бергенім, алғаным  
Бабалардың бастап берген жеңісін,  
Жетпей кеткен арманын...  
Ағысымның арнасы деп жалғадым.

Жұма күнді ауырлау күн деседі,  
Болған шығар әркімнің бір есебі,  
Алқакөл мен Сұламада кешегі  
Тиді, бәлкім, біреулерге кеселі  
Біздің әулет көп түйінін бәрібір  
Қазірде де Жұма күні шешеді.

## КҮДІК

Күдік кірді көңіліме, бір күдік  
Дөңбекшідім қысқа күнді түнге ұрып,  
Тереземнің шыныларын сындырып,  
Ту сыртымнан кезеніп тұр өз досым  
Нысанаға жүрегімді ілдіріп,  
Шықпайды үнім айқайласам шыңғырып,  
Миымда да үрей деген жүр бүлік.

Япыр-ау, бұл не жазғанмын досыма,  
Мені үркіту — көңілінің хошы ма?  
*Сені алар жау тағап келсіп деп жүріп*  
Сыбағам мен көрген сыйым осы ма?  
Ойламаппын, бәрі-бәрі тосын, ә!

Үрей билеп дірілдеген бойымды  
Шым-шытырық, мұздай суық ой ұрды,  
Кім біліпті мұндай пәле-дойырды,  
Андап жүріп ертең болар тойымды  
Жаназаға айналдырмақ ниеті  
Ту сыртымнан сілтеп қара сойылды.

Қызғанды ма менің бақыт-бағымды,  
Кең пейілі қайтіп, қалай тарылды?  
Аяп қалған кезім қайсы барымды —  
Сенім-сезім қандай күні жаңылды,  
Асқар тауым қандай күні шағылды?

Шырматылған өрмекшінің торындай —  
Ойлар, ойлар...  
Жұртта қалған қорымдай.  
Көкірегімді күдік кеулеп барады  
Менің мәңгі арылмаған сорымдай,

Досқа досша қарайыншы қайта бір —  
Сеніміме семсер салма, тәйт, өмір!



## **СЕЗЕМІСІҢ, ЕЙ, ЖҮРЕК**

Қисық өсіп кеткен-ау бұл, қараш, тым!..  
Бір бұтағын кесіп алдым ағаштың.  
Екіншісін жіпке байлап ноқталап  
Бнигірек тұрған жерге тағы астым.

Табиғаттың қара мына ғажабын —  
Ең ауырын қолданғандай жазаның  
Ақ тәніне тиген балта ышқынттып,  
Шығарғандай болды сол сәт азалы үн.

Тау жотасын бұтасымен астарлап,  
Шыңға шыққан шынар еді аспандап.  
Етінен ет кесіп алған інгендей  
Бұта орнынан қоя берді жас парлап.

Аяп кеттім өне бойым елжіреп,  
Сипап жатты самалымен жел-жібек.  
Ағашта да сезім болады екен ғой  
Сеземісің,  
Сеземісің, ей, жүрек?!

Тасты тесіп шыққан шыңның шынары,  
Қайсарлығын қанша мәрте сынады —  
Дауылға да...

Жауынға да... шыдады,  
Кім біліпті, әлі қанша тұрады,  
Кім біліпті, қашан, қалай сынады?  
Тәні ауырып жылаған жоқ ол бірақ  
Жаны ауырып жылады!

Жылап тұрды өне бойы елжіреп —  
Тепкілеуші ем еденді.  
Ағашты емес,  
Ең алдымен өзіңді  
Жылаттың-ау, сеземісің, ей, жүрек,  
Сеземісің, ей, жүрек?!



## НАМЫС

Ежелден ара-жігі бөлінбеген,  
Біріне-бірі бөтен көрінбеген  
Екі қарт көрші тұрды өмір бойы  
Көбесі татулықтың сәгілмеген.

Екеуіне былайғы ел қызығатын,  
Бұл жайды ұл ұғатын, қыз ұғатын.  
Өзге түгіл өздері ойламаған  
Күн бар деп көшкен сендей бұзылатын.

Ауылда той болды бір ұлан-асыр  
Жарқылдап көз ұшында тұрады асыл.  
Жетікізіп тойдың даңқын ұрпақтарға  
Шертеді әлі талай ғұлама сыр.

Сабадай сапырлысып әрлі-берлі  
Қалың жұрт ду-дүрмекпен әбігер-ді.  
Той десе қу бас қалмай домалаған —  
Елдегі жас-кәрінің бәрі келді.

Бір кезде күй күмбірлеп, ән басталды,  
Ішілмей бал қымыз бен алда ас қалды.  
Думанның орта тұсы қыза келіп,  
Қыз қуу, белдесумен жалғасқан-ды.

Сабылып сан тораптан жиылған ел,  
Теңіздей ақтарылып құйылған ел,  
Саңлақтар сараланған сай тасындай,  
Қысылса жол табатын қиыннан ер.

Қоздырып кәрі, жастың делебесін,  
Қояр ма қызып алған ел егесін.  
Шығарды шаршы топтың ортасына  
Тел өскен екі қарттың немересін.

Тап мұны күтпеген-ді екеуі де,  
Түсініп болған да жоқ не екеніне.  
Дүбірдің дүрмегімен кете берді  
Ілесіп сері сезім жетегіне.

Екеуі қатар отыр иықтасып,  
Шекпенмен тізелерін тұйықтасып.  
Лаулайды намыс оты іштерінде  
Өрт-сезім қарт денеде күйіп, тасып.

Кеу-кеулеп, әзіл сөзбен іліп-қағып,  
Қалың ел тамашаға кіріпті анық.  
— Ей, балам, жамбасыңа ал, жамбасқа! —

деп

Сыр берді қарттың бірі тұрып барып.

Мына сөз көрші жанын тіліп өтті,  
Шыдамның быт-шыт болып тіні кетті.

— Ей, балам, іштен шал! — деп,

айқайлады,

Намыстай не бар екен құдіретті?!

Күрескен немерелер былай қалып,  
Ашудан сезімдері шыр айналып,  
Қарады бір-біріне тұңғыш рет  
Жауығып, оқты көздер лайланып.

Бұзылып көңіл-күйдің ырғақтары,  
Біріне-бірі қайтып тіл қатпады.  
Жөңкілді көктемдегі көшкен сендей,  
Ақылды дүлей сезім тындатпады.

Балуандар белдескен жығыспады,  
Бұл, бәлкім, көршілердің ырыс, бағы.  
Немерелер ұққанмен,

Осы арада

Екі қарт бірін-бірі ұғыспады.

Түсе алмай шарасына кенен ақыл  
Шарқ ұрды,  
Тынар екен немен ақыр?  
Сенімді сезім билеп —  
Тұңғыш рет  
Екі қарт екі бөлек келе жатыр.

## **ҚАУІП**

Іштегінің қалдырмай түк-түгін де,  
Ақылдыға ақыл айту бүгінде  
Дағды болып барады —  
Тек кесірге  
Айналмаса жарар еді түбінде.

Өз ақылын ауырсынып жүргенде,  
Одан да асқан «дана» шығып бір демде  
Жер-жаһанды жарғандай-ақ атағы,  
Қайырыммен қарайласып жатады  
Соған ғана зәрудей-ақ бұл пенде.

Ақылды көп,  
Ақылсыздар жоғалып  
Бара жатыр —  
Не анық болса, сол анық.  
Бір кісідей ақылшы боп бәріміз  
Кетпесек тек жарар еді әлі біз  
Ақыл тыңдау дегенді тек доғарып.

Жұмыртқа кеп үйреткендей тауықты  
Талай білгіш өсиетке ауыпты.  
Қауіп деген аз емес қой онсыз да,  
Ал осы дерт бәрінен де қауіпті!

\* \* \*

Екеуміздің анамыз ғой бір туған,  
Содан болар, сені басқа жұртымнан  
Артық көрем —

Әбестік пе ол тегі

Сол қалпымыз талай ішті өртеді.  
Қызыққаннан қызғанады кейбіреу  
Өссе-дағы ағайынның өркені.

Былай айтса екеуміз ғой — бөлеміз,  
Туыстықта бірдей тағы өреміз.  
Бірімізге біріміз шын төреміз,  
Қуансақ та теңдей қылып бөлеміз,  
Қайғырсақ та теңдей қылып бөлеміз.  
Біріміздің бағымызды біріміз  
Өзіміздің бағымыздай көреміз!

Екеуміздің анамыз ғой бір туған,  
Содан болар, сені басқа жұртымнан  
Артық көрем —

Бірақ мені басқалар

Сатып жүр ме деп қорқамын сыртымнан  
Айшымаған анамызды есіңе ал  
Кездер болса көңіліңе кір тұнған!

Ойда жоқта қағынып,  
Көптен бері кезікпеген бір жолдасым табылып,  
Іздеп келдім дегеннен соң сабылып,  
Емешегі үзілердей сағынып,  
Аянайын несіне,  
Қонақ үшін құдайым берген бөлек несібе —  
Қалдым шала шабылып.

Ертеңіне азаннан  
Қалған етті суықтай жел қазаннан  
Үлгерместен ел тұрып,  
Шишалардың түбін көкке келтіріп,  
Бірімізге қарамай,  
Тым болмаса «Қош!» деуге де жарамай  
Өз жайына кетіп қапты желпініп,  
Қаңбақ сынды айдап кеткен жел тұрып.

Содан қайтып көре алмадым досымды,  
Талайлары жаңадан да қосылды.  
Іздеймін бе, қайтемін —

Деген шығар әзер болса:

— Қай теңім?!

Іштей бәрін түсіндім,  
Тағы бір дос келгенде:

— Бұл кісің кім?!

Дер ме екен деп әйелім мен баламнан  
Алғаш рет қысылдым.

## **БӘРІ ДЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ**

Жақын маңдағы,  
Немесе алыс қырдағы  
Елең еткізген керемет жарыстың бәрі —  
Таңдандырған талайды табыстың-дағы...  
Қысқасы мына тірлікте  
Бар істің бәрі  
Бірімен-бірі өзара салыстырмалы.

Жаман да керек —  
Жақсыны мадақтау үшін,  
Түндер де керек —  
Мезгілсіз таң атпау үшін.  
Үлгі етіп тағы біреуді алға тартамыз  
Көрсетер кезде ақымақтың ағаттау ісін.

Салыстырмалы тірлікте махаббатың да,  
Біреуге тиер мейірім, шапағатың да.  
Салыстырмалы табиғи талантың-дағы,  
Осының өзі кей-кейде батар ақынға.

Несі бар, бірақ бәрі де жарасымымен  
Ұғамыз бәрін өзіндік дара сырымен.  
Тұлпарды тағдыр жаратқан қас жүйрік  
қылып  
Жабылардың болсын деп таласуы кем.

Таудың да мына биік пен аласасы бар,  
Әлді мен әлсіз күштерін таласа сынар.  
Терек пен тал да бір жерден таласа шығар,  
Табиғат, сірә, сонысымен тамаша шығар.

## **УАҚЫТ**

Бүгін бітер ісімді  
Қалдырмауға ертеңге жұмсап келем күшімді,  
Біреу мұнымды асығыстық деп ұқты,  
Енді біреу албырттық деп түсінді.

Не деуге де әркімнің өз хұқы бар,  
Біреу ұтар,  
Біреу, бәлкім, ұтылар...  
Қайткенде де уақыт атты құдіреттің  
Құрығынан еш пенде жоқ құтылар.

Құдай емес,  
Болжап білген алдын кім?  
Алсам деген жерде талай алдырдым.  
Ұғындырды сан соқтырған кездерім  
Өз міндеті болатынын әр күннің.

Ертеңім де...  
Одан соңғы күндерім...  
Көлбеңдейді көз алдымда кіл менің.  
Қысқа күнде қаншама рет сарғайып,  
Қысқа күнде қанша мәрте гүлдедім,  
Бәрі соның уақыт еркі — білгенім!

Уақыт, Уақыт!  
Әміршісі тірліктің,  
Тамыршысы таразыдай шындықтың,  
Сол арқылы талай-талай сырды ұқтым,  
Сол арқылы талай-талай тілді ұқтым,  
Тағы да ұқтым, жалғыз ғана өзің деп  
Бар болса егер дүниеде бір мықтым!

Не ойлауға да әркімнің өз хұқы бар,  
Біреу ұтар,  
Ойдан біреу ұтылар...  
Қайткенде де уақыт атты құдіреттің  
Құрығынан еш пенде жоқ құтылар!

## **ЭНШІДЕ АРМАН БАР МА ЕКЕН**

*(Әні бар)*

Алаулаған таңның нұры  
Тербетсе адам қиялын  
Тамылжытып ән бұлбұлы  
Төгеді әсем күй, әнін.

Жүректердің пернелерін дәл басып,  
Шалқиды әуен арманыңмен жалғасып.

Тына қалып көктем лебі,  
Дүниені ән билейді.  
Аңсап күткен көптен бері  
Аяулындай әлдилейді.

Аялайтын байтақ дала —  
Бар мекен...

Әншіде де арман, шіркін, бар ма екен?!

Толықсыған Ай нұрындай —  
Көңілі дәйім көктем кіл.  
Айнакөлдің айдынындай —  
Әнші жаны мөп-мөлдір.

Сырға бөлеп,  
Нұрға бөлеп даланы,  
Сезіміңді сәтте баурап алады.

## **ӨЗІНЕ САЛСАҢ**

— Өлең жаз! — дейді...  
Жазылмай жүрсе не етермін,  
Ырқыма көнбей ағындап жатса бекер күн.  
Өткенді қайтып оралту қолдан келмейді  
Арманның асқар шыңына дәйім жетер кім?

Көрер таңды да көзімнен талай атырып,  
Отырдым ұзақ шабыттың құсын шақырып.  
Ой-теңіз бірде бетінде ғана қалқытып,  
Келесі сәтте тұңғиығына батырып.

Өлең жаз! — дейді...  
Жазбайын дейтін мен бе екем,  
Жазылған төрт жол —  
Төрт құбыламдай тең бе екен?  
Соның бағасын жұртымнан күтіп жүрмін ғой,  
Өзіне салсаң,  
Ақындарда осал кемде-кем!

\* \* \*

Мамыражай, майда леп көктембісің?  
Көңілімде гүл болып көктермісің.  
Ақ көрпесін айқара жамылып ап —  
Сағындырды-ау өзіңді өткен қысым.

Сағындық қой, келші тез сырласайық,  
Жігіт болып, қыз болып қырды асайық.  
Қыр үстінде жайылған масатыңа  
Аунап жанның құмарын бір басайық.

Келші, көктем, жүректе лауласын от,  
Сезімдерді шарпыған қауласын өрт.  
Асып-тасып жататын шарасынан  
Махаббаттың қасиетті арнасы боп!

\* \* \*

Кіл қайшылық қарасаң мына ғалам,  
Туғандар да кей-кейде бір анадан  
Тіл таба алмай жатады —  
Амалың не?  
Кете алмайсың қол үзіп бірақ одан.

Кете алмайсың —  
Ариаң бір, бастауың бір,  
Тұғырың бір, ұшатын аспаның бір.  
Тағдырыңның сан тарам тармақтарын  
Бір желіге матаған баста ғұмыр.

Жырақтатып жол менен жол арасын —  
Бірің шалғай біріңнен қона аласың.  
Қаншама алыс кеттім деп ойласаң да  
Сол желіге айналып, ораласың.

Сан қия, сан асудан асқан арман  
Жас келген, бурыл тартып шаш та ағарған.  
Басынды тауға да ұрып, тасқа да ұрып  
Желіңе ораласың бастау алған.

Жалпақ жұртқа етсем деп барымды әйгі  
Албырт сезім әр тұста арындайды.  
Тоқтар кезде бәрі бір бастау алған  
Қайнарындай қасиет табылмайды.

\* \* \*

Көктемнің ашылғанда гүл-құшағы  
Жер-ана қуанышпен нұр құшады.  
Жасқа да, кәріге де шабыт беріп  
Шалқиды табиғаттың жырлы шағы.

Тіршілік тебіrentпей қоя ма әлі —  
Дала-ару ұйқысынан оянады.  
Қырат-қыр қырмыздай қайта түлеп  
Құлпырып алуан түске боянады.

Сылдырап су ағады сай-саладан,  
Сыңғырлап сыр шертеді майса далам.  
Толқытып табиғаттың тәтті әуені  
Күй болып көкірегіме аусады әман.

Көл-көсір көктемнің сый-ырыздығы,  
Жетеді жүрегіме сыбызғы үні.  
Жанымды жадыратып жібергендей  
Аңқыған хош иісті қымыз-гүлі.

Түлейді тау да, тас та, өзен, көл де...  
Түскендей тіршіліктің көзі ертеңге.  
Қуә боп соның барлық базарына  
Жүргеніңе не жетсін өз өлкеңде!

Көргемін жоқ Абай боп, Қасым боп та...  
Жыр көгінен ақпадым жасын боп та.  
Бауыржан да емеспін ел қорғаған —  
Қайсарлықпен тікпедім басымды оққа.

Білмеймін дүниеде досым қанша,  
Хош дей қоймас талайлар осымды онша.  
Дос деп айту қнын ғой бір арнада  
Арманыңмен мәңгілік қосылғанша.

Жұрт алдында беделін өсірмек боп —  
Талайлар-ақ жүреді досым көп деп.  
Сырт көздерге масайрап, мәз болады  
Тіршіліктің жүргенге көшінде ептеп.

Жоқ! Мен соның бірі де, бірі емеспін,  
Жөнсіз жерде келмейді құр егескім.  
Өз биігім өзіме жетіп жатыр,  
Биік болып аспанды тіремеспін!

Кете берсін көш алдын созатындар,  
Сенім артқан менің де өз атым бар.  
Үмітсіз деп бәйгіден ойламасын  
Кей тұстарда төтемен озатындар!

\* \* \*

Ауылға келсең,  
Қаланы сағынасың —  
Қызығы-думаны көп.  
Қалаға келсең,  
Ауылды сағынасың —  
Ағайын-туғаның көп.

Ауылға келсең,  
Қайтадан бала боласың —  
Ата-анаңды көргендер көп.  
Қалаға келсең,  
Қайтадан аға боласың —  
Соңыңнан ергендер көп.

Қала мен ауыл —  
Менің қос қанатым сияқты,  
Бірінсіз бірі —  
Ұша алмай талатын сияқты.  
Қос қанатым бар кезде —  
Арманым алғыр  
Алыстарға да,  
Ғарыштарға да баратын сияқты!

\* \* \*

Көрмесем деп ойлайсың күнде мені,  
Сен көрмесең —  
Досыңды кім көреді?  
Шыныменен жаныңды сыздатпай ма  
Баз біреудің достықты күндегені?  
    Кейбіреуге жансая — бақталастық,  
    Ойламадым дос түгіл жатқа қастық.  
    Жала жапса, жабады екі ұдайда  
    Досың тұрмақ, әкең де ақтамас қып.  
Жайыңа да қоймас-ау тақа мына —  
Дақ түспесін абырой-атағыңа.  
Араласып шынымен кетер ме екем,  
Араласпан деуші едім шатағыңа.  
    Қараласа,  
    Кетуің шын ағарып  
    Екі талай, тағдырың, сірә, кәдік.  
    Қажет қыяса айырар дос пен досты  
    Арасына білдірмей сына қағып.

## **АЗАПТЫҢ ЕҢ АУЫРЫ**

Кемпір мен шал —  
Қолдарында темірден таяқтары,  
Басқан сайын қалтырап аяқтары  
Бара жатыр —  
Көшеде көргендердің  
Қарайды екеуіне аяп бәрі.

Қу таяқтың ілескен жетегіне  
Қарайды ел аянышпен екеуіне.  
Бара жатыр көшені тықылдатып  
Шет жақтағы шағындау мекеніне.

Екеуінің бар еді төрт ұланы,  
Бір-бір үйдің сәулеті, көркі бәрі.  
Төртеуінен бір тұяқ қалдырмастан  
Жалмап кеті кешегі өрт лаңы.

Сырты — бүтін,  
Іші — алау түтіндеген,  
Тозған пештей бықсиды күтілмеген.  
Үміт жібі үлдіреп, үзілместен  
Қырық жыл бойы келеді күтуменен.

Үлгі тұтып айтатын Бірлік елі  
Береке-құт дарыған түндік еді.  
Желді күнгі шырақтай лыпылдайды —  
Енді қанша жанады?  
Кім біледі?!

Қалмай бірі бірінің жетегінен  
Бара жатыр —  
Ұрпақ жоқ екеуінен.  
Қолқаласа көшпейді жақсы үйлерге  
Төрт ұланын ұшырған мекенінен.

Не боларын біле алмай ертеңің,  
Жүректерін от шарпып өртеді мың:  
Осы ауланың,  
Осы үйдің әр бұрышынан  
Үні естіліп тұрғандай төртеуінің!

Жылжиды азалы жыл,  
Азалы ай...  
Кесілер ме тым ұзақ жаза бұлай?!  
Қырық жыл ұдай келеді күтуменен  
Қарттарға тартқан тағдыр азабын-ай!

Соғыс — мәңгі айықпас секілді мұң,  
Келеді ойға не түрлі ой, не түрлі ұғым.  
Мен білетін азаптың ең ауыры —  
Көру екен кәрінің жетімдігін,  
Өзім де жетім бала секілдімін!

\* \* \*

Күндер өтіп барады,  
Күндер өтіп...  
Жолаушыдай асыққан түнделетіп.  
Сыбығадан біреуді құр қалдырып,  
Біреулерді жарылқап, жүлделі етіп.

Қарамастан кеше өткен бал айыма,  
Түнде түскен ұрыдай сарайыма,  
Жазғаны осы дегендей талайыңа,  
Нанбайын ба, япыр-ай нанайын ба —  
Бір ақ шаш кеп қоныпты самайыма.

Бұл не, бұл —  
Егделік пе хабар берген,  
Ұрланып саған да ерген,  
Маған да ерген?  
Асқандай талай асу, талай белден  
Дыбысы, сыбысы жоқ —  
Өң мен түстей  
Бір күнде, құдайым-ау, қалай келген?!

Таңырқап, мен бе жалғыз таңданатын,  
Күндердің қызығымен алданатын?  
Зорықтырып талайлар арман-атын  
Қалып жатыр,  
Тіршілік тоқтамайды  
Уақыт жайлап қағады паң қанатын!

Қосылған соң сарбаздар санатына,  
Дақ салмай адамшылық ар атына,  
(Шалыс басып кетсем де ара-тұра)  
Қатар ұшсам болғаны жылдарменен,  
Ілесіп құс-уақыттың қанатына!

\* \* \*

Ақын да кәдуілгі пенде өзіндей —  
Бірде бай,  
Бірде кедей, кенде өзіндей.  
Басқалардан жоқ ешбір айырмасы  
Ботакөздің айнымас тең көзіндей.

Түсірмейді ол еш қылау шырқына да,  
Бірақ, бірақ бұл оның сырты ғана.  
Басқалардан болмаса бөлектігі  
Ерекше көрінер ме жұртына ана.

Жамандықпен келе алмай келісімге,  
Күйеді ақын сен үшін, мен үшін де.  
Содан болар,  
Кешіріп кем ісін де,  
Еркелетіп ұстайды ел ішінде.

Биік етіп көтеріп еңісін де,  
Еркелетіп ұстайды ел ішінде.  
Ал, елінің мерейі ақынның  
Мәңгі жасар жырының желісінде!

## *Үшінші бөлім*

---

### **БІР НӘЗІК ӘН**

Ән салады жүрегім —  
Бір нәзік ән,  
Жаңа ашқандай қоймасын жыр қазынам.  
Түсінбеске түк емес,  
Түсінгенге...  
Барым-арым,  
Айтылған сыр-базынам.

Ақын ба сұлулықты түсінбеген,  
Өңім тұрмақ,  
Көремін түсімде мен.  
Сені, жаным, жай ғана шебер емес,  
Табиғаттың өз қолы мүсіндеген.

Табиғаттың өз қолы мүсіндеген —  
Бір көлеңке,  
Бір қылау түсірмеген.  
Сені туу арқылы құдіреттің  
Танытайын деген-ау күшін де ерен.

Бұл пәниде шын өнер қайталанбас,  
Қайталанбас —  
Жаның да жай таба алмас.  
Кешір,  
Бәлкім, сендегі сұлулықты  
Менің жырым жеткізіп айта да алмас.

Артайын ба сол үшін жырыма өкпе,  
Ұға алмадым —

Сендегі күдірет не?  
Дүниенің бар сөзі тең келместей  
Кеудеме әкеп сен салған суретке.

Барым-арым,  
Айтылған сыр-базынам,  
Ән салғандай жүрегім,  
Бір нәзік ән.  
Түсінбеске түк емес,  
Түсінгенге...  
Жаңа ашқандай асылын жыр қазынам.

## **КЕШЕ ЕДІ ҒОЙ**

Осы ауылда мен тудым,  
Сен де тудың,  
Осы ауылда мен тұрдым,  
Сен де тұрдың.  
Осы ауылда ер жеттің сен де мендей,  
Самалына толықсып тербетілдің.

Тербетілдің толықсып самалына,  
Гүл тердің кезіп сайды, сағаны да...  
Алғаш рет нұр толып жанарыңа,  
Алғаш рет қиылып қарадың-ау,  
Тек соны байқамаған балалық-ай!

Уақыт керуендей көшеді ғой,  
Өткен күн оралмайды деседі ғой.  
Ол жай бір пенделіктің есебі ғой,  
Болмаса—  
Бәрі-бәрі...  
Кеше еді ғой!

Кеше еді ғой балауса гүл шағымыз,  
Жалғасы бітпейтіндей жыр шағымыз.  
Есіңнен сен шығарсаң шығара бер,  
Жадымда менің әлі жүр, сары қыз,  
Ұмытып көрген жоқпын,  
Біл, сары қыз!

Екеуміз де су іштік бір тұмадан,  
Өте шықты құлын шақ шұрқыраған.  
Боз жусанның нісі бұрқыраған  
Көңілімде кестелеп жыр құраған.  
Балдәуреннің бағасын дер кезінде  
Бағаламайды екен-ау, шіркін, адам.

Тоқтаусыз уақыт желдей еседі ғой,  
Дарига — дәурен бастан көшеді ғой.  
Сағымдай сыландайды енді алыстан,  
Болмаса —  
Бәрі-бәрі...  
Кеше еді ғой!

## **МАХАББАТ**

Сен жайлы жазылды екен қаншама жыр,  
Қанша ару оқыды оны тамсана бір.  
Ұқсаттық Ләйлі менен Мәжнүнге  
Көктемде шешек атпай қалса да гүл.

Сен жайлы шырқалды екен қаншама ән,  
Бақыт қой орайы кеп жанса бағаң.  
Қаншама Қозы — Баян құрбан болды  
Дей жүріп:  
— Сүйдім, сенің жан садағаң!

Ақпанда алау өрттей жалындаған,  
Тағдырдың тәлкегіне бағынбаған,  
Өлшеген сезімменен бәрін де эман,  
Кім сенің құдіретіңе табынбаған?

Тандантып баласын да, данасын да,  
Қол жетпес ұқсап бейне дара шыңға,  
Аңыз бенен шындықтың арасында,  
Мәңгі асқақ қалпында қаласың да!

## **ЖИЙРМА ЖЫЛ БҰРЫН**

**Жиырма жыл бұрын —  
Сен жиырмада едің,  
Мен жиырмада едім,  
Жүрегімді қалтқысыз сыйлаған едім,  
Ешкімге мына ғаламда қимаған едім.  
Қос жанарың мөлдіреп құралайдай,  
Дедің-ау сонда:  
— Кісім бар. Қинама мені!**

**Содан бері де өтіпті қаншама уақыт.  
Келемін сенің лебіңе жан саялатып.  
Көңілің көктем гүліндей шешек атады,  
Ақ пейілменен тілейтін баршаға бақыт.**

**Жиырма жыл бұрын осыдан —  
Жиырмада едің,  
Жан жүрегімді қалдықсыз сыйлаған едім.  
Сол сезім әлі жанымда келеді лаулап  
Қойсаңшы енді, жанымды қинама менің.  
Өмірде біреу біреуге құмартса мендей  
Ең гашық жүрек сол дегенге иланар едім.**

## **АҚ САҒЫМДАЙ**

Әр нәрсенің бола ма шын кезегі,  
Сені көрдім,  
Көрмейтін-ақ кез еді.  
Беймезгілдеу болса-дағы жүрегім  
Алабұртып әлденені сезеді.

Өзің айтшы ақылыңды,  
Не істермін —  
Тоқтар емес ағын судай ескен күн.  
Әнім болып айтылмаған кеш келдің,  
Таңым болып ата алмассың,  
Кеш көрдім.

Бекер көрдім,  
Керек еді-ау көрмеуім,  
Кінәм емес бірақ, қалқам, ол менің.  
Арманым боп өмір бойы қалатын  
Айдындағы ақ сағымдай көлбедің.

Ақ сағымдай —  
Қолға түспес армандай,  
Найзағай боп бір жалт ете қалғандай.  
Сұлулыққа сұқтандырып, ардағым,  
Жүр жадымда —  
Өмір бойы жанды арбай.

## **ҚАРАЙ ЖҮР**

Айту да қиын мұндайда,  
Айтпай да қалай шыдарсың.  
Ақылды сезім тыңдай ма,  
Басыңа түссе ұғарсың.

Ғашық боп жүріп өзіне  
Жазыппын, қалқам, талай жыр.  
Сезімнің мөлдір көзіне  
Көзінді салып,  
Қарай жүр.

## **КӨРШІ, ҚАЛҚА**

Жаралғандай алтын нұрдан —  
Көрші, қалқам, таң арайын.  
Жаз күнінде жарқын бұл маң,  
Тербеледі бала қайың.

Бала қайың тербеледі  
Гүлдеріндей Көктөбенің.  
Деп сол жерге сен келеді  
Кеште талай өткен едім.

Жылдар кетті жылжып ағып  
Уақыт қандай жүйрік еді?  
Мәңгі сені жыр ғып әлі  
Өтермін бе, кім біледі?

Тостым тұрып таңнан тағы,  
Бір үміт, бір күдікпенен.  
Махаббаттың жанған шамы  
Сөнбесе деп жүріп келем.

## ТҮСІНБЕДІҢ СЕН МЕНІ

Өкініш пе бұл өзі жанды арбаған,  
Қалай ғана кезінде аңғармағам?  
Мүсәпірдей, әйтеуір, тал қармаған,  
Сені ойлаумен түн бойы кірпік ілмей  
Атыратын болдым-ау таңдарды әман.

Кіналасып қайтеміз —  
Кіналасып...  
Кім жөн тапты,  
Белгісіз —  
Кім адасып?..  
Көз көрмейтін таулардан бір-ақ асып  
Кеттің, қалқам,  
Содан да кірпігіме  
Сені ойласам,  
Түседі кұнара шық.

Кеттің асып қиямет, зұлыс-таудан,  
Қалдым зар боп лебіне тыныстаудан,  
Басымыздан бақ та ауған,  
Ырыс та ауған,  
Соның бәрі...  
Жалғыз-ақ ұғыспаудан.

Мәуелеген көңілдің көк терегі —  
Сен бар кезде...  
Қысым да көктем еді.  
Түсінбедің сен мені,  
Мен де сені,  
Басқа кінам жоқ, қалқам,  
Сөкпе мені,  
Бар айыбым —  
Сөзімнің өтпегені.

\* \* \*

Әлде сен бақытым ба ең армандаған,  
Көрінген жұлдызым боп алдан маған?  
Әлде бір сиқыршы ма ең кететұғын,  
Зағиптай адастырып тал қармаған.

Білгім келді —

Бірақ та біле алмадым,

Еркімді ұрлап менің кім алғанын.

Сенің түпсіз тұңғық жанарыңнан

Ұқсам деп жан сырыңды құмарландым.

Сөзге ұста,

Тілге шешен жүйрік емен,

Ұқтырам жан сезімін, күйді немен?

Болар ма албырт жастық арашашы

Бір сөзді қайталасам «сүйдім» деген.

Кім білсін,

Жақсы үмітім жанымдағы —

Арын ба басылмайтын,

Жалын ба әлі?

Жасырып қарай берем жанарына —

Табардай бақытымды, бағымды әрі.

Өзіндей сағындырған көптен бері

Тағы да көкорайлы көктем келді.

Тербеліп ауламдағы алма ағашы

Есіме салады әр кез өткендерді.

Білмеймін, тереземнің пердесіне

Ғашық па,

Аймалайды жел нәсіне?

Ақ бұлттай аспанымды жел үрлеген

Ақ жібек орамалың келді есіме.

Жүрсен де қазір менен шалғайда сен,

Сазды үнің құлағымнан қалмайды әсем.

Тыңдауға жалықпайын өмір-бақи

Бұлбұлым болып өзің сайрай білсең.

## **САЙРА, БҰЛБҰЛ**

Сайра, бұлбұл,  
Күй төгіп көмейіңнен,  
Сенің үнің өзгелеу өгей үннен.  
Шабыттанған шағыңды таңнан тұрып  
Тағы, тағы...

Бір замат көрейін мен,

Сенің әнің — құштарым бала күннен,  
Тыңдағанда серпіліп, аламын дем.  
Сұлулықты жырлай бер мәңгі осылай —  
Букет жинап берейін лала гүлден.

## **ОН СЕГІЗ**

Бақтар қайда,  
Біз барар жақтар қайда?  
Көз ілмей таң атырған шақтар қайда?  
Он сегіз —  
Ән дәуренім,  
Сән дәуренім  
Тағы бір сыр сандығын ақтармай ма?

Таусылмайтын таңдарға назың қайда,  
Самал болып желпитін сазың қайда?  
Көңілімнің тозған жоқ күй табағы  
Әсем әуен қайталап жазылмай ма?

Жазылмай ма, қалқам-ау, наз қылығың —  
Қызық думан өтті ме азды күнің.  
Қиясына қырықтың шықпай жатып  
Күзге ұласып қалған ба жаз-ғұмырың.

Көңілден гүл-байшешек күй арнаған  
Он сегізім тұрады қиялда әман.

Дүниеден баз кешіп өтсем деймін  
Сені мәңгі қарттыққа қия алмаған.

Шалқыса сабасына сияр ма адам —  
Көктемде толықсиды қиян далам.  
Секілді ойы-қыры өрттей лаулап  
Он сегізім тұрады қиялда әман.

## **САҒЫНЫШ**

Толқындай дөңбекшіген теңіздегі,  
Жас жаным алабұртып нені іздеді.  
Бір сен деп бұлқынады қайран жүрек,  
Тағдырым әлде өзіңмен егіз бе еді.

Өзіңмен ұшырасу талайғы арман,  
Іздедім таң нұрынан арайланған.  
Бір сәтке көрсем деймін келбетінді,  
Шолпандай бұлт ішінен қарай қалған.

Қайдасың,  
Қайда қазір алыспысың,  
Сағыныш қиялыммен жарысты шын.  
Бір сәтке кетсе деймін елес беріп,  
Жанымды мазалаған таныс мүсін.

Кеште де,  
Сені іздеймін ертемен де,  
Тосамын құлағымды ерке желге.  
Маздатшы жанымда отын қуаныштың —  
Өзіңмен бақытымды ерте кел де.

## **ҒАШЫҒЫМ-АРДАҒЫМ**

Әсем әндерге тебіреніп терең,  
Сұлу саздардан сені іздеп келем.  
Көктемнің күні,  
Көктемнің гүлі...  
Оралтындай бір өзіңменен.

Көктемнің күні,  
Көктемнің гүлі,  
Көктем жылуы,  
Көктемнің нұры...  
Құйылса, сәулем, жаныма келіп  
Алтын шуақтай көктем бір күні.

Алтын шуақты алтын араймен!  
Шалқыған Күнмен,  
Қалқыған Аймен,  
Оралсаң бір күн,  
Оралсаң, еркем,  
Тұра алар ма екем жарқырамай мен?!

Жандай сол бір сәт ашылған бағым,  
Кеудеме сыймай,  
Тасып арманым,  
Құс болып ұшып кетер ме ем көкке,  
Жетер ме ем көкке, ғашық-ардағым,  
Ғашық-ардағым!

## **ТӘТТІ ҰЙҚЫМДЫ БӨЛДІҢ-АУ**

Тәтті ұйқымды бөлдің-ау,  
Бөлдің, бөлдің...  
Сені тағы түсімде көрдім, көрдім!  
Ұмытам ба деп едім —  
Неге, неге...  
Елесі боп оралдың сол күндердің?!

Түн жап-жарық.  
Аспанда Ай батпаған...  
Сен жақындап келесің жайлап маған.  
Сол кестелі орамал қолыңдағы  
Тұңғыш махаббатымды айғақтаған.

Түн жап-жарық.  
Жұлдыздар жымындаған,  
Саған қарап мен-дағы күлім қағам.  
Ай нұрына малынып көрнесің  
Дәл мұндай боп келмеуші ең бұрын маған.  
Еміс-еміс жетті үнің құлағыма  
Секілденіп ақырын сыбырлаған.

Жақындадың —  
Үш қадам, екі қадам...  
Күшсам дедім өзінді жетіп аман.  
Арадағы өзен бе?  
Бөгет емес!  
Шындап кетсем, сен жаққа секіре алам.

Махаббаттың азабын шеккенім-ай —  
Неге, неге көріндің текке бұлай?  
Қол созым жер қалғанда бір сүйе алмай  
Тәтті ұйқыдан оянып кеткенім-ай!

\* \* \*

Беу, қарындас, бері қара бұрылып  
Көңілдегі бір күдік пен бір үміт  
Жығыса алмай төрелікке келіп тұр  
Билігіңе жүгініп.

Таразының екі басы тербеліп,  
Бар салмақты көтергендей тең бөліп,  
Тұрып алды бір орында тапжылмай  
Жөндемесең сен келіп.

Еркі билеп саған деген сезімнің  
Басқа қызық рақаттан безіндім.  
Талқысына салайын деп жүрмісің  
Тағдыр атты тезіңнің.

Беу, қарындас, бұрыла кет —  
Бұла ағаң —  
Сан талқыны көрген және шыдаған.  
Жер бетінде бар болса егер, мен деп біл  
Сені сүйген бір адам.

Сәл аялда,  
Сәл аялда бұрылып  
Көңілдегі бір күдік пен бір үміт  
Өз алдыңа келіп тұр  
Билігіңе жүгініп.

## САҒЫНЫП ЖҮРМІН

Не десең о де,  
Не десең о де, бауырым,  
Баса алмай жүрмін жанымның жойқын дауылым.  
Аса алмай жүрмін —  
Тағдырдың алда тауы мың...  
Жаза алмай жүрмін  
Арғымақ — арман бауырып,  
Қаза алмай жүрмін —  
Қазыналы жердің сауырын,  
Сағынып жүрмін,  
Сабылып жүрмін іздеумен  
Жиырмамен кеткен жастықтың сайран-сауығын,  
Ол — енді менің қайта орылмайтын ауылым,  
Ол — енді мәңгі қайталанбайтын дәуірімі!

Қамалап келіп тірліктің мың сан сұрағы,  
Төзімді және өзімді талай сынады.  
Тағаты тозып, таусылып бір дем шыдамы,  
Шағылып тауы, дей ме екен сағы сынады.  
Айнымайын-ақ, айнымайын-ақ деп жүрсем,  
Әзәзіл сезім алдымнан қайта шығады,  
Қимасым болып қиылып келіп тұрады.

Түндігін түннің көтеріп атқан таңдардай,  
Шығады алдан қаракөз — айым армандай.  
Қаракөз — айым тебіренгіп салған ән қандай,  
Сол әнмен тағы еркімді билеп алғандай,  
Өзім де білмес сиқырлы бір сыр бары анық —  
Қараймын ұзақ,  
Қараймын ұзақ қадалып,  
Шөліркеп қалған сезімнің көзі талғандай.

Білсең де еркің,  
Күлсең де еркің, бауырым,

Жиырмамен кеткен жастықтың сайран-сауығын  
Сағынып жүрмін,  
Сабылып жүрмін іздеумен —  
Ол — енді менің қайта оралмайтын ауылым,  
Ол — енді мәңгі қайталанбайтын дәуірім!

## **ЖАР-ЖАР**

Бүгінгі күн қуаныш —  
Тасқындаған жар-жар.  
Болашаққа екі жас  
Басты қадам жар-жар.  
Игілікпен басталған  
Осынау той жар-жар,  
Жақсылықпен астасып  
Жатсын әман жар-жар!

Ақ отауға байлық та,  
Бақ та қонсын жар-жар,  
Ата-ананың ақ сүтін  
Ақтар болсын жар-жар  
Осы тойдың қызығын  
Қызуы мен жар-жар.  
Естерінде мәңгілік  
Сақтар болсын жар-жар!

Бір-біріне мейірімді  
Болсын дәйім жар-жар  
Шаңыраққа шат күлкі  
Толсын дәйім жар-жар.

• \* \*

Сылдырап жерде бал бұлақ,  
Сыбдырлап желге тал, құрақ,  
Сыр тыңдар жеңге — ақ қайың  
Сұлудай жүзі албырап.

Жамылып жасыл желек, гүл  
Тербеліп зәулім терек тұр.  
Тіл қатқан сынды біздерге  
Тыңдашы, қалқам,  
Не деп тұр?

Тыңдашы, қалқам, тыңдашы,  
Басқаға көңіл бұрмашы.  
Біздерге қарап энекей  
Иілген сынды шың басы.

Көрдің бе, қалқам, көрдің бе,  
Толқыған сәтін көлдің де.  
Дейтіндей бізге тіл қатып  
Махабаттарың мөлдір ме?

Астасып тілек,  
Қос үміт  
Қауышқан шақта қосылып,  
Табиғат түгел біздерді  
Құттықтап жатыр —  
Осыны ұқ!

## **ҚИНАЙДЫ ЕКЕН**

**У махаббат жүрегінді ашытқыр,  
Сал сезімнің қыл пернесін басып кіл  
Терезенің бір пердесі ашық тұр.  
Тіл қата алмай,  
Тыңдата алмай уәжін  
Екі көзі мұңға толы ғашық тұр.**

**Көңіл де жоқ жүретұғын тасып кіл,  
Зіл қара тас өр еңсесін басып тұр.  
Көкіректің күйге толы көп сырын  
Жеткізе алмай қинайды екен ғашық тіл.**

## МАЗМҰНЫ

### Бірінші бөлім

Мен диканмын . . . . .	3
Бәрі де жарасымды . . . . .	4
Шақырады бір биік . . . . .	5
Берссім-дағы екі есе . . . . .	6
Толғаныс . . . . .	7
«Қандай ұшқыр...» . . . . .	9
Жүрегімде жара бар . . . . .	10
Сағыныш сазы . . . . .	11
Бақытым. Барым. Байлығым . . . . .	13
Ел ағасы . . . . .	15
Анама хат . . . . .	16
«Кешіріңдер, ағайын...» . . . . .	17
Бозторғай . . . . .	18
Асықтым . . . . .	19
Қарыз . . . . .	—
Нар тәуекел . . . . .	20
Нағашы . . . . .	21
Қуанам . . . . .	23
Жеңіс . . . . .	24
Мәңгілік алау басында . . . . .	25
Дубосеково түбіндегі ой . . . . .	26
Елудегі ағаның монологы . . . . .	27
Туысқан аға-інідей . . . . .	29
Ұлың болғым келеді . . . . .	30
Мәңгілік . . . . .	31
Туған елге мадақ жыр . . . . .	32
Дарын далам . . . . .	36
Ата салт . . . . .	39
Аға . . . . .	40
Шың . . . . .	41
«Біздің елде жігіт болды...» . . . . .	42
Есіл тасып келеді . . . . .	44

«Бір тау биік» . . . . .	45
Туған жердің шоқ гүлі . . . . .	46
Ақ сағым . . . . .	47
Зайсан — жайсаң . . . . .	48
«Кең жазыққа үйрөндік» . . . . .	49
«Ұшып келем» . . . . .	50
Жүрек сөзі . . . . .	51
Артта бәрі . . . . .	52
Ат қою . . . . .	53

### **Екінші бөлім**

Сенім . . . . .	56
Мен сен емеспін . . . . .	57
Қарағанды университетіндегі кездесу . . . . .	58
Арман . . . . .	59
Мен сені танымадым . . . . .	61
Ел аралағанға не жетсін . . . . .	62
Үнсіз қалғаның көп артық . . . . .	63
Арман қанаты . . . . .	—
Бағынды сен де сынап көр . . . . .	64
Шынымды айтсам . . . . .	65
Баурағандай жанымды . . . . .	66
Екеуі де өлмейді . . . . .	67
«Талғам жөнінде таласпайды» . . . . .	68
Жылап тұрмын . . . . .	69
Тағдырмен тілдесу . . . . .	70
Ауыл дәмі . . . . .	71
Құрдасқа наз . . . . .	72
«Жастықтың дулы-дулы базарында» . . . . .	73
Ақын жаны . . . . .	74
Өмірдің заңы солай . . . . .	—
Ақын болу оңай ма . . . . .	76
Бәрін білсек . . . . .	77
Сағыныш . . . . .	78
Жыр тілейді жүрегім . . . . .	79

Қонақ келді үйіне . . . . .	80
Ұстаз тойына . . . . .	81
Базарда . . . . .	82
Көкжиек . . . . .	83
Немерелі болып көр . . . . .	84
Бір нөсердің керегі-ай . . . . .	85
Суретші . . . . .	86
Әнші . . . . .	87
Қансонар . . . . .	88
«Құдайдың күндері де» . . . . .	90
«Жұма күнді» . . . . .	91
Күдік . . . . .	93
Сеземің, сй, жүрек . . . . .	95
«Бәрі маған жарасады» . . . . .	96
Намыс . . . . .	97
Қауіп . . . . .	99
«Екеуміздің анамыз ғой» . . . . .	100
«Ойда жоқта қағынып» . . . . .	101
Бәрі де салыстырмалы . . . . .	102
Уақыт . . . . .	103
Әншіді арман бар ма екен . . . . .	104
Өзіне салсаң . . . . .	105
«Мамыражай, майда леп» . . . . .	—
«Кіл қайшылық» . . . . .	106
«Көктемнің ашылғанда гүл-құшағы» . . . . .	107
«Көргемін жоқ Абай боп» . . . . .	108
«Ауылға келсең» . . . . .	—
«Көрмесем деп ойлайсың» . . . . .	109
Азаптың ең ауыры . . . . .	110
«Күндер өтіп барады» . . . . .	112
«Ақып да кәдуілгі пенде өзіндей» . . . . .	113

### Үшінші бөлім

Бір нәзік ән . . . . .	114
Кеше еді ғой . . . . .	115

Махаббат . . . . .	117
Жиырма жыл бұрын . . . . .	118
Ақ сағымдай . . . . .	119
Қарай жүр . . . . .	120
Көрші, қалқа . . . . .	—
Түсінбедің сен мені . . . . .	121
«Әлде сен бақытым ба ен» . . . . .	122
Сайра, бұлбұл . . . . .	123
Он сегіз . . . . .	—
Сағыныш . . . . .	124
Ғашығым-ардағым . . . . .	125
Тәтті ұйқымды бөлдің-ау . . . . .	126
«Беу, қарындас» . . . . .	127
Сағынып жүрмін . . . . .	128
Жар-жар . . . . .	129
Сылдырап жерде бал-бұлақ . . . . .	130
Қинайды екен . . . . .	131